

**АҚОРДА**

«Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін».

Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

МАҚСАТЫМЫЗ – АЙҚЫН, ЖОЛЫМЫЗ – АШЫҚ!



akorda.kz

Сәрсенбінің сәтті күні
Нұр-Сұлтан қаласындағы
Тәуелсіздік сарайында
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Қазақстан Республикасының
Президенті қызметіне ресми
кірісу рәсімі өтті.

Салтанатты жиында қоғамдағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын жақсы білетіндігін жеткізген Президент ең алдымен өзіне зор сенім артып, қолдау көрсеткен барша халыққа алғыс айтты. Өте маңызды саяси бәсекеде халқымыздың даналығы, парасаты жеңгенін ерекше атап өткен К.Тоқаев: «Бұл жеңіс – халқымыздың жеңісі! Біз бір ел болып, халық болып Қазақстанның алдағы даму жолын бірге айқындадық. 9 маусымда Қазақстанның жарқын болашағы үшін дауыс берген әрбір азаматтың пікірі – біз үшін өте маңызды! Өйткені халқымыздың татулығы, ынтымағы, бірлігі – біздің ең басты құндылығымыз. Осы құндылықты көздің қарашығындай сақтау – баршамызға ортақ парыз», – деді.

Мемлекет басшысы зиялы қауым алдында әр азаматтың мүддесін қорғау басты мақсаты екенін айтты. Оларды саяси көзқарастары мен ұстанымдарына қарай бөлуге жол бермейтіндігін, түрлі саяси және қоғам қайраткерлерінен келіп түскен құнды ұсыныстарды, бастамаларды өз жұмысында міндетті түрде ескеретіндігін жеткізді. Президент: «Біз үшін ең маңызды міндет – заңға сай адал қызмет ету. Біздің бір ғана Отанымыз бар! Тағдырымыз – бір! Біз халқымыздың жарқын болашағы үшін бәріміз бірге еңбек етеміз!», – деді. Өз сөзінде дамудың жоғары деңгейіне шығу үшін жаңа амалдар мен шешімдер керектігін атап көрсетті.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Жүрегіңіздегі
махаббаттың
тұнығынан сүзіп
алмаған дүние
сұлу, құнды
болмайды. Ілияс
пен Фатима
апамыздың
арасындағы асыл
махаббат желісінің
құрылуына өмірлік
ұстаным, ұрпақ
келешегі алдындағы
жауапкершілік
емес, ұлт болашағы
үшін жасалған сәтті
қадамдармен де
ерекшеленеді.

МӘҢГІЛІК МАХАББАТ

(Жалғасы 7-бетте)

АСЫЛ ҚАЗЫНА

ҰЛЫ ДАЛАНЫ ДҮБІРЛЕТКЕН...

(Бұл туралы 8-беттен оқыңыз)

ОҚШАУ ПІКІР

Ерлан САИРОВ, саясаттанушы:

ҚАЗАҚ ТІЛІ САЯСИ ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛДІ



Бұл сайлауда қазақ тілі саяси тіл деңгейіне жеткенін көрсетті. Бұрынғы сайлауларда қазақ тілі өзінің мемлекеттік тіл деңгейіне жете алмай жүрген болса, осы жолғы сайлауда саяси пікірталастардың бәрі қазақ аудиториясында өрі қызықты өтті. Жарнама, тіпті сайлау парақшаларының бәрі қазақша болды.

(Бұл туралы 3-беттен оқыңыз)

**БИРЖАМЕТР**

МҰНАЙ (brent)
62,03

DOLLAR
384.51

EURO
435,18

РУБЛЬ
5,93

**ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ**

«Жазушы»
жазбады...

(Толығырақ 2-бетте)

АҚОРДА

(Басы 1-бетте)

«Олардың барлығы жақында жарияланады. Екіншіден, өткір әлеуметтік мәселелермен, барынша мұқтаж жандарға көмектесу ісімен айналысуды көздеп отырмын. Үкіметке бұл салада үздік нәтижеге жету амалдары тапсырылды. Бізге әлеуметтік саясатты салмақты түрде жанарту керек. Үшіншіден, қазақстандық кәсіпкерлерге қолдау білдіремін. Инвестиция тарту мен оларды қорғау, іскерлік белсенділікті жігерлендіру, орта тапты қалыптастыру көзделді. Төртіншіден, менің мақсатым — қоғамның бірлігін қамтып,

Халықты толғандырып отырған басты мәселе — табыс көлемінің азаюы. Халықаралық қаржы нарықтарының тұрақсыздануы, теңгенің девальвациясы халықтың табысына кері әсер етті. Миллионнан астам азаматтарымыз банктен несие алуға мәжбүр болды. Табысы жоғары және төмен азаматтардың арасындағы алшақтық — біздің қоғамды мазалайтын тағы бір өзекті мәселе. Бірінші кезекте мен Қазақстанның үшінші жаңғыртылуын, Бес институттық реформа мен мемлекетіміздің басқа да аса маңызды стратегиялық құжаттарын жүзеге асыру бойынша жұмыс істейтін боламын. Басқаша айтқанда, мен Елбасының

хабарлады. Оның алғашқы отырысы алдағы тамыз айында өтеді.

Билік адамдардың талап-тілегіне құлақ асуға, проблемаларды жергілікті жерде шешуге, азаматтар алдында тұрақты есеп беруге міндетті. Осы орайда Президент: «Уәде бермей, орындау шарт! Мұндай ережені барлық Үкімет мүшесі және әкімдер ұстанулары тиіс. Президент ретінде мен үшін экономикалық дамудың жалпы цифрлары емес, барлық азаматтарымыздың нақты әл-ауқаты аса маңызды болып табылады. Сондықтан стратегиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауда халықтың басым бөлігінің ұстанымдары қаперге алынатыны

Алтыншы бағыт. Әділетті әлеуметтік саясат. Адам капиталын дамыту саясаты жалғасады. Жаппай білім беруді қолдау. Барлық тұрғынға сапалы медициналық қызмет көрсету. Бұл мәселелер бойынша тұтас бағыт-бағдары бары айтылды. Мұғалімдердің және дәрігерлердің мәртебесін көтеретін жаңа заңдар қабылданады. Олардың құқығын қорғап, материалдық жағдайын жақсарту үшін тиісті қолдау көрсетіледі.

Жетінші бағыт. Өнірлерді дамытудың жаңа бағдары. Азаматтарды толғандырған нақты мәселелер жергілікті деңгейде шешіледі. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі нығайтылады.

Аймақтағы қордаланған мәселелерді шешуге халық белсене араласуы қажет.

Сегізінші бағыт.

«Рухани жаңғыру» құндылықтары — біздің басты рухани бағдарымыз.

Тарихқа құрметпен қарау, Отанға

адал болу, ғылым-білімге

деген ұмтылыс — мұның барлығы

халқымыздың бойындағы

асыл қасиеттер. Қазақстанды

болашаққа бастайтын —

жастар. Сондықтан бұл бағдарлама

жас ұрпақты тәрбиелеуге

бағытталады.

Тоғызыншы бағыт. Сыртқы

саясат. Қазақстан әлемде үлкен

беделге қол жеткізді, өзін

бейбітсүйгіш, ашық ел,

халықаралық істерде

сенімді және

жауапкершілікті әріптес ретінде танытты. Сондықтан конструктивті, теңдестірілген, көпвекторлы, сыртқы саяси бағыт жалғасады. Әлемдік аренада ұлттық мүддемізді нық ілгерілететін және қорғайтын боламыз. Еліміздің сыртқы саяси қызметі Отанымызға, ұлттық бизнеске, әр азаматқа нақты пайда әкелетін болады.

Оныншы бағыт. Жас ұрпаққа ерекше арналды. Олардың алдында Қазақстан дамуында шешуші рөл атқару, прогрестің қозғаушы күші болу міндеті тұр. Елбасы 2019 жылды — Жастар жылы деп жариялады. «Жастар — ел тірегі» арнайы жобасы жұмыс істей бастады. Жастардың «Жас кәсіпкер» бизнес-бастамасын дамыту бағдарламасы жүзеге асырылуда. Жастар стартаптарын қолдау жалғасады. Жастарды жұмысқа орналастыру бағдарламалары енгізіледі. Мемлекеттік қызметтің барлық деңгейіне жас талантты басқарушыларды ілгерілету үшін «Президенттің қадірлік резерві» қалыптастырылады. Жастар максаткер, еңбексүйгіш, креативті, сондықтан Қазақстанның болашағы сенімді қолда деуге негіз бар.

Президент сөзінің соңында алдымызда ауқымды жалпыхалықтық міндеттер тұрғанын, мақсатымыз — айқын, жолымыз — ашық екенін, Қазақстан жаңа мүмкіндіктер мен келешегі зор елге айналатынын баса атап өтті. Оның игілігін жастар мен келешек ұрпақ көреді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзін: «Біз қуатты әрі гүлденген Қазақстанның өркендеуі үшін бірге еңбек етеміз. Антқа адал болу, сертке берік болу — менің халық алдындағы парызым», — деп түйіндеді.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

МАҚСАТЫМЫЗ – АЙҚЫН, ЖОЛЫМЫЗ – АШЫҚ!



әрбір азаматтың құқығын қорғау. Ең бастысы — әрдайым Қазақстанның ұлттық мүддесін қорғайтын боламын», — деді.

Бұл сайлауда азаматтар Елбасының стратегиялық бағдарын қолдап дауыс бергенін, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бүкіл әлем мойындаған даму моделін жасағанын, Қазақстанның Көк туын дүниежүзінің түкпір-түкпіріне желбіреткенін де сөз еткен Президент өз атына ел тұрғындарынан көптеген өтініш, тілек келіп түскенін хабарлады. Олардың бәріне ортақ бір ғана тілек бар. Ол — Елбасының жолын, Стратегиясын сақтау және оны одан әрі нығайту. Мемлекет басшысы: «Елбасы — қазақ мемлекетінің негізін қалаушы ұлы тұлға. Ол жаһандық деңгейдегі мемлекет қайраткері. Әлем тарихына дәл осылай жазылды. Елбасының халқымыз үшін және әлемдік қоғамдастық үшін сіңірген орасан зор еңбегін әрқашан құрметтеу — бәрімізге ортақ парыз», — екенін айтты.

Қазір әлем жедел қарқынмен өзгеруде. Технология, экономика және әлеуметтік реттілік, азаматтардың, әсіресе жастардың көзқарасы өзгеруде.

Өзінің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары барысында халықпен кенескенін айрықша атап өткен соң, мұндағы мақсат ел дамуындағы ең маңызды міндеттерді анықтау екенін мәлімдеді. Осыған орай еліміздің аймақтарынан бүгінге дейін 540 мыңға жуық ұсыныс-тілек келіп түскен. Бұл қоғамдағы өзекті мәселені айқын көруге мүмкіндік берді. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бүгін халықты ең алдымен не мазалайды? Ең бірінші, азаматтар барлық жерде әділдік орнауын қалайды. Әлеуметтік саясаттан бастап мемлекеттік органдардың халыққа әділ қызмет көрсетуін талап етеді.

стратегияларын жүзеге асыруға ден қоямын. Еліміз орнықты дамудың жаңа деңгейіне шыға алуы үшін жаңа қадамдар мен жаңа шешімдер қажет. Олар таяу арада жария етілетін болады», — деді.

Алдағы уақытта өткір әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселені шешу үшін орта мерзімді кешенді шаралар қабылдау қажет. Қоршаған ортаның қазіргі мүшкіл хәлі — көпшіліктің көкейіндегі мәселе. Сондықтан бірыңғай экологиялық саясатқа қажетті, қоршаған ортаны қорғау жүйесіне серпіп беретін жаңа Экологиялық кодекс қабылдау күн тәртібінде тұр.

Ендігі жерде өткір әлеуметтік проблемаларды шешумен нақты айналысуды, аса мұқтаждарға көмек көрсетуді жоспарлаған Мемлекет басшысы Үкіметке аталған салада сезінетіндей нәтижелерге қол жеткізу үшін шаралар дайындауды тапсырды. Сондай-ақ отандық кәсіпкерді қолдайтын, инвестиция тартып, оларды қорғайтын, іскерлік белсенділікті ынталандыратын, кең көлемді орта қалыптастыру көзделді.

Мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың мазмұнын өзгертуге мүмкіндік беретін цифрландыру мәселесі де тілге тиек болды. Бұл тұрғыда Елбасының «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы тиянақты орындалатын болады. Билік пен қоғам арасындағы диалогтың дамуы азаматтарды толғандыратындығын, мұндай диалог пікірталас арқылы қалыптасуы тиістігіне мән берген Қасым-Жомарт Кемелұлы пікірталас түрліше болғанымен, ұлт бір екендігін айрықша атап өтті. Басты ұстаным да осы. Сондықтан да Президент Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құруға шешім қабылдағанын

сөзсіз. Біздің мемлекеттік биліктің формуласы: күшті, өкілетті Президент — ықпалды, жұмыс істеуге қабылетті Парламент — халыққа есеп беретін Үкімет», — деді.

Салтанатты жиында К.Тоқаев ел дамуын айқындайтын басты 10 бағытты атады.

Бірінші бағыт. Халықтың табысын арттыру. Тұрақты және қарқынды экономикалық өсім арқылы ғана бұл мәселені шешуге болады. Азаматтарымыз өз елінде алаңсыз өмір сүріп, еңбек етіп, ұрпағын тәрбиелеп, халқымыздың жетістіктеріне бірге қуанып, мақтан тұту үшін экономикалық өсім болуы тиіс. Таяу арада Үкіметтің кеңейтілген отырысында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған нақты міндеттер айқындалады.

Екінші бағыт. Сыбайлас жемқорлықты жою. 1 қыркүйекке дейін жемқорлықтың деңгейін мейлінше төмендетуге бағытталған реформалар топтамасы дайындалады.

Үшінші бағыт. Сот және құқық қорғау жүйесін реформалау. Сот — заң үстемдігінің кепілі. Сондықтан судьялар жоғары кәсіби және адамгершілік талаптарына сай болуы — бұл үлкен міндет. Судьялар мен осы қызметтен үміткерлерді бағалау және іріктеу жүйесін қатаңдатылады.

Төртінші бағыт. Жаңа жұмыс орындарын ашу және халықты лайықты жалақымен қамту. Ұлттық табысты әділ бөлу мәселесі — стратегиялық маңызды дүние. Мемлекеттік бюджет қаражаты, ең алдымен, келешегі зор мақсаттарға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бөлінеді.

Бесінші бағыт. Тұрғын үй мәселесін шешу. Түрлі санаттағы азаматтардың қолжетімді баспанаға ие болуына айрықша назар аударылады.

Аптаның айтары

Бердібек САПАРБАЕВ,
еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

«Көпбалалы аналардың көтеріп жүрген негізгі мәселесі — баспана. Олар кезексіз баспана беруді талап етеді. Сосын бастапқы жарнасыз, несиесіз берілгенін қалайды. Бірақ ондай болмайды ғой. Бері заң бойынша жасалуы шарт. Баспана көзегінде қарапайым азаматтар да тұр. Оларды айналып, тізімге тұрмаған көпбалалы аналарға қалай береміз? Ал жағдайы өте нашар аналарға жәрдем беру үшін демеушілерді тартып жатырмыз.

Сондай-ақ біз көпбалалы аналарға жұмыс ұсынамыз. Мамандық болмаса, тегін оқытуға дайынбыз. Артынан жұмысқа да тұрғызамыз. Шағын несие алуға болады. Өкінішке қарай, осының бәрін пайдаланатын аналар аз».



Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен:

Асхат Аймағамбетов
Білім және ғылым министрі
қызметіне тағайындалды



Алтай Көлгінов
Нұр-Сұлтан қаласының
әкімі болып тағайындалды



Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,
Мәжіліс төрағасы:

«Митингке шығу — демократия мен өркендеуді таңдаған мемлекеттің жолы емес. Заңсыз ұран сөздер айтып, арандатушылыққа жол берген мемлекеттер үнемі өз даму жолын артқа шегіндіргені тарихтан белгілі. Ал біздің аса қымбат құндылықтарымыз көп»



«ЖАЗУШЫ»
ЖАЗБАДЫ...



Кейбір ғалымдар шығармашылық жұмысын елдебір пысықайларға жаздырып алады екен. Астаналық бір әйел де докторлық диссертациясын жазуды біреуге аманаттапты. Бірақ ғылыми еңбекті жазып бермекші болған «жазушы» жарты жолда оны аздап кетіпті.

Болашақ доктор амалсыздан Семей қалалық полиция басқармасына арыз түсірген. Қаламақысына 1,5 миллион теңге алған азамат үйіп-төккен уәдесін ұмытып, қолына ақша тиген күні-ақ із жасырған. Шығыс Қазақстан облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, жедел іздестіру шаралары барысында 56 жастағы азамат қолға түсті. Ол кінәсін мойындап, үстінен Қылмыстық кодекстің 190-бабы 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

Ашық әңгіме

Елімізде Президенттік сайлау мәресіне жетті. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Президенті болып сайланды. Сарапшылар бұл сайлауды «Қазақстанның екінші жаңа дәуіріне жасалған қадам» деп бағалады. Өйткені бұл шараның жөні бөлек әрі өзгешелеу. Жұрттың, шетелдік және еліміздегі сарапшылардың да ойы осындай. Сонымен, сайлаудың қандай жаңалығы бар? Қарапайым халықтың белсенділігі қалай болды? Біз осы сауалдарды ел президенттігіне үміткер ретінде қатысқан қоғам қайраткері Сәдібек Түгел мен белгілі саясаттанушы Ерлан Саировқа қойдық.

Жас qazaq: Сіз Президенттікке үміткерлердің арасында өткен пікірталаста мінберге шапан киіп, қолыңызға қамшы ұстап шықтыңыз. Осы әрекетіңізді түсінбей қалғандар бар екен. Бұл жарнаманың ба әлде шын ниетпен жасалған қадам ба?

С.Түгел: Шапан кигенімді көргендер түрлі ойға қалғаны рас. Бірақ мен қай



Сәдібек ТҮГЕЛ, «Ұлы дала қырандары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

ШАПАНДЫ СӘН ҮШІН КИМЕДІМ

кезде де ұлттық өнер мен құндылықтарды құрметтейтін, зерлі шапан киюден арланбайтын азаматпын. Үйде шапан көп. Соның әрқайсысын күтіп ұстап, қонақтарыма да сыйға тартамын. Ал теледидар алдына киіп шыққан шапанымды 60 жасқа толғанымда ел-жұрт сыйлаған. Оны киелі қуанышқа киюді ойлап жүрген едім. Отбасымның қалауы да осы шапанға түсті. Қамшыға келер болсам, ол үйдің төрінде ілулі тұратын, көңілге ыстық құнды зат. Әлдекімдерге сес көрсету немесе көрермен «ұлтжанды екен» деп ойлау үшін қолыма алмадым. Қамшының сабын ұстап, қайыстың өріміне қарап отырудың өзі адамды демалдырады. Ресейдің бір блогері мен туралы «типичный казах» депті. Оларға әрбір әрекетім мен қадамым арқылы жауап бердім.

Өздеріңіз білесіздер, елімізге араб, үнді елдерінен лауазымды қонақтар ұлттық киім киіп келеді. Қандай жарасымды! Егер ресми шараларда біздің де қызметтегі азаматтарымыз ортаға ұлттық киіммен шыкса, оның еш сөкеттігі жоқ. Менің әрекетім жарнама да, басқа да емес, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге деген шынайы қадам.

Жас qazaq: Сіздің ойыңызша бұл сайлаудың басты артықшылығы неде?

С.Түгел: Бұл сайлау адамдардың жүрегіне үміт отын жақты. Басты артықшылық — демократияландыруға шындап бет алғанымыз. Ашықтық, жариялылықтың көрінісіне куә болдық. Қазір біз өмір сүріп отырған қоғам «капитализм» деп аталады. Суреттеп айтар болсақ, оны жыртқыш анмен салыстыруға болады. Жыртқыштар



әлсіздерді тарпа бас салып жеп қоятыны бесенеден белгілі. Капитализм де сондай аласапыранымен ерекшеленеді. Сондықтан қысылтаян кезде капитализмнің жөңсіз тұстарына тежегіштер керек. Ол — әділдікті ту ететін демократиялық құндылықтар. Егер сол құндылықтарды, әлгі тежеуіштерді, тәсілдерді дер кезінде қолданбасақ, біз түрлі қиындыққа тап боламыз. Біз соның кейбір көріністерін байқап отырмыз. Мысалы, шектен шығып кеткен жемқорлық, мемлекет қаражатын жымқыру, мүлікті талан-таражға салу. Шетелде жатқан қыруар қаражат. Ол — сіз бен біздің несібеміз. Халық мандай терінің далаға кеткенін қаламайды. Елдің ақшасы елгі қызмет етуі тиіс. Жұртпен

жүздесу барысында осы мәселе жиі сөз болатынын да байқадым. Өз басым «Жемқорлыққа тосқауыл қоямыз!» деген ұранды басты ұстаным еткеніме қуанамын. Жолым болған жағдайда осы түйінді тарқату үшін барымды салар едім.

Жас qazaq: Сайлауалды бағдарламаның артықшылығы неде?

С.Түгел: Иә, бұл бағдарлама жарнама үшін емес, жаным ауыратындықтан жасаған қадам еді. Ана тіліміздің мәртебесін көтеру мақсатында барлық жерде қазақша сөйледім. «Ұлы дала қырандары» халықтық қозғалысының ұрандары мен ұстанымдары: «Ұлағатты ұрпақ — ұлттық ұстаным!» «Ауыл — алтын бесігіміз!» «Біз қырандармыз — біз біргеміз!» «Жер — жанымыз, тіл — тұғырымыз!» деген бастамаларды көтердім. Осының аясында ар-намысты оятуға түрткі болғым келді. Демографияға, шет елдерде тұратын қаңдастарымыздың атамекенге емін-еркін келуіне, мемлекеттік тілдің мәртебесін өз деңгейіне жеткізіп, толық қолданысқа енгізуге, Алашорданың идеяларын жаңғыртуға, «Билер сотын» енгізуге зор көңіл бөлдім.

Жас qazaq: Мұны бәзбіреулер ұпай жинаудың амалы деп те сырттай сөз етті...

С.Түгел: Түсінігі таяз азаматтардың солай ойларын сездім. Бірақ мен рухымызды көтеріп, ұлтымыздың болашағы нұрлы екенін дәлелдеу, құндылықтарды қадірлеуден асқан бақыт жоқтығын сезіндіру үшін осындай қадамды тандадым. Ең бастысы, мен ешбір партия атынан ұсынылған үміткер емеспін. Біздің қозғалыс онсыз да жұрттың жүрегіндегі мәселені қозғап жүргені белгілі. Мен сол тақырыптың

аясын кеңейтіп, жұртты жұдырықтай жұмыла түсуге шақырдым. Саяси додаға қатысуымыздың өзі ерекше оқиға деп есептеймін. Қордаланған дүниені халыққа көзбе-көз айтып, жүрекжарды ойымызды бөлісуге мүмкіндік алдық.

Жас qazaq: Додаға жеті адам түсті... Өз салмағыңды бағамдай алдыңыз ба?

С.Түгел: Иә, жеті азаматтың да өмір жолы, еңбек жолы, тәжірибесі, адами қасиеті өртүрлі. Өзгелер секілді мен де мүмкіндігімді барынша пайдаландым. Жүрген жерімде халқымызды бірілікке, ынтымаққа шақырдым. Атадан-балаға жеткен барлық құндылықты көздің қарашығындай сақтауды. Жас ұрпақтың бойына жақсы қасиеттерімізді сіңіруді үгіттедім. Ұлттық мемлекет болудың төрт негізін айттым. Ол — тіл, жер, діл және ар-ождан. Егер осы айтқандарымның тұғыры шайқалмаса, мемлекет те мықты болады. Бәрінен қызығы, қазір қала тұрғындарының басым бөлігі орысша сөйлейді. Олардың маған дауыс бермейтінін ескере отырып, осындай қадамға бардым. Ана тілімізді өз тұғырына қондыру жолында қызмет ету — бүгінгі ғана емес, мәңгілік мақсатым. Тіліміздің өгей баланың күйін кешіп отырғанын жасырмауымыз қажет. Тіпті ағылшын тілін жаппай оқыта бастауымыз ана тіліміздің тағдырын ауырлата түсті. Ата-аналардың бір бөлігі балаларын ағылшын тілі курсына беріп, сайрап кетуіне жол ашты. Ал қазақ тіліне дәл солай көңіл бөле бермейді. Ағылшын мен орыс тілі мысымызды басты. Әрине, бұл екеуінің де оқытылғанына, балалардың көп тіл білгеніне қарсы емеспін. Бірақ тәуелсіздік тұғырының бірі — мемлекеттік тілді білу міндетті ғой. Өкінішке қарай, біздің төрт тағанымыздың бірі шайқалып тұр. Осы мәселені ашық айттым. Жерге қатысты да пікірім осындай. Айталық — жер сату. Бұған еш уақытта келіспеймін. Бұл аңанды сатқанмен бірдей. Әрі үлкен қауіптің басы. Қазір қазақ жеріне қарап, анталап тұрғындар жеткілікті. Тіпті шетелдіктерге жалға берудің өзі дау тудыратын жағдай. Осындайда «жау жоқ деме, жар астында» деген мақал ойға оралады. Тіпті АҚШ-тың басты бәсекелесі Ресейдің өзі Аспан асты еліне келгенде әлсіздігін байқатып алды. Қазір Қыр Шығысқа қоныстанған «қонақтар» бас ауруға айналды. Бұған аландайтынымыз, алдағы жылдары Елбасы жариялаған мораторийдің мерзімі аяқталады. Сондықтан болашақта әр қадамымызға сак болуымыз тиіс.

Айтар ой көп, жоба-жоспар жеткілікті. Ең бастысы, әлем алдында қазақ деген ұлттын қайсар екенін, білімі мен мәдениеті мықты, ұлтжанды ұрпағы сенімді ақтайтынын дәлелдеуіміз керек.

Жас qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Жолдасбек
ДУАНАБАЙ

QOĞAM

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Бәрекелді!

ТАБЫСҚА ТОЛЫ ЖЫЛ

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Х жазғы мерейтойлық универсиададың чемпионы атанды.

Университет спортшылары дәстүрлі жарыстың бес мауысымның да жеңімпазы. Осылайша студенттік спорт жарыстарының көшбасшысына айналды.

Ақтөбеде 3 сәуір мен 10 маусым аралығында ұйымдастырылған спорттық сайыстарға қатысушылар тамаша нәтиже көрсетті. Жалпы командалық есепте олар 60 жоғары оқу орындары арасынан қарсыластарын басып озды.



ҚазҰУ-дың студенттері жалпы 37 спорт түрінің 30-ына қатысты. Бүгінде білім ордасының қоржынында 14 алтын, 9 күміс және 5 қола медаль бар.

Енді университет командасы 3-14 шілде аралығында әлемнің 170 елінен спортшылардың басқын қосатын Неапольдегі Дүниежүзілік XXX жазғы универсиадаға қатысады. Бағдарламаға жазғы он сегіз спорт түрі енгізілген.

Айта кетерлігі, ҚазҰУ Оңтүстік Кореяда 2015 жылы өткен Бүкіләлемдік жазғы универсиадада 6 алтынның 5-уін еншіледі. 2016 жылы Рио-де-Жанейродағы Олимпиада ойындарынан алтын, күміс және қола медаль әкелді. 2017 жылы Тайбэде 1 алтын, 2 күміс және 1 қола, былтыр Жакартада (Индонезия) 2 күміс және 3 қола медальді жеңіп алды.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Фотоайғақ

Менің тыныштығымды
қорғағаныңыз үшін
рахмет!



Фото: Интернет

ОҚШАУ ПІКІР

Ерлан САИРОВ, саясаттанушы:

ҚАЗАҚ ТІЛІ САЯСИ ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛДІ

Бұл сайлау халықтың саяси мәдениетінің өскендігін көрсетті. Нақтырақ айтқанда, халықтың саяси санасы жоғарылағаны бірден байқалды. Ел-жұрт сайлау үрдісі еліміздің ғана емес, жеке азаматтардың да тағдырына әсер ететінін түсінді. Әрбір адам сайлаудағы өз дауысының құнын жақсы білді.

Басқа елдер оңдаған жыл бойы жүріп өтетін жолды біздің қоғам бір айдың ішінде жүріп өтті деуге негіз бар. Алғашқы кезде-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл сайлаудың ашық әрі әділ өтетіні жайында айтқан еді. Ел басшысы уәде еткендей, Президент сайлауы еліміздің заңнамаларына және халықаралық стандарттарға сай әділ өтті деп айтуға болады.

Президенттікке үміткерлердің барлығына қалаған бұқаралық ақпарат құралдарына шығуға, халықпен еркін кездесуге, әлеуметтік желілерде жұмыс істеуіне жан-жақты жағдай жасалды.

Бұл сайлауда қазақ тілі саяси тіл деңгейіне жеткенін көрсетті. Бұрынғы сайлауларда қазақ тілі өзінің мемлекеттік тіл деңгейіне жете алмай жүрген болса, осы жолғы сайлауда саяси пікірталастардың бәрі қазақ аудиториясында әрі қызықты өтті. Жарнама, тіпті сайлау парақшаларының бәрі қазақша болды.

Сайлаудың тағы бір артықшылығы, халықтың саяси белсенділігі артқан. Ауылдарға бардым. Халықтың сайлауға, дауыс беруге деген белсенділігі өте жоғары болды. Қала мен ауыл арасындағы аса үлкен айырмашылық жоқ. Тіпті ауылдағы жұрттың саяси белсенділігі жоғарырақ десек те болады. Сонымен бірге, ауылдарда саяси трендтер болып, кандидаттар арасындағы пікірсайыстың талқысы өлі басылған жоқ. Қысқасы, ауыл ояңған, халық белсенді. Ауыл қазақтың саяси мәдениетінің трендін жарасп жатыр.

Сонымен бірге, бұл сайлау елімізде белгілі бір саяси құндылықтардың пайда болғанын көрсетті. Ол — демократия, халық пен билік арасындағы тең дәрежедегі диалог, саяси плюрализм.

Міне, осы құндылықтар сайлаудан кейінгі кезеңнің ең негізгі идеологиялық басымдықтары болатыны анық. Сайлаудан кейін үкімет, парламент, аймақтардағы мемлекеттік басқару жүйесі қайтадан жаңаруы керек. Аймақтардағы басқару жүйесіне қоғам өкілдері мен белсенділерін кеңінен араластыру қажет. Ел парламентіне мемлекетіміздегі саяси палитраның аралас күштері енуі тиіс. Осы мәселелер шешілсе, елімізде саяси тепе-теңдік орнай отырып, әлеуметтік өрлеу болатыны сөзсіз.

Жазып алған Жарас КЕМЕЛЖАН





E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

АИМАQ

Шаһар келбеті

Нұр-Сұлтан мен Алматыдан кейін республикалық қала мәртебесі Шымкентке берілгеніне тура бір жылдан асты. Бұрыннан ширақ қимылдайтын шаһар ірі аумақ мәртебесіне ие болғалы, тіпті түрленіп, гүлденіп, дами түскендей. «Бір жыл деген не тәйірі?!» деуіңіз мүмкін. Бірақ осы уақыт жаңалыққа, жақсылыққа толы болды.

БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

Шымкентте апта сайын, тіпті кейде күн сайын бір нысан ашылып, пайдалануға беріліп жатса, таңғалмайтыныызды ішіміз сезеді. Алдыңғы аптада Шымкент қаласының кәсіпкерлер палатасының SHYMKENT ӘКК АҚ-мен бірлесе қолға алған «Бизнеске арналған Үкімет» жобасының тұсаукесері өткен болатын. Жобаның мақсаты — «Бір терезе» қағидаты бойынша бизнесті қолдау мен дамытудың барлық іс-шарасын орталықтандыру. Сондай-ақ инвестор мен кәсіпкерге қызмет көрсетудің бірыңғай орталығы болмақ. Мұнда жергілікті кәсіпкерлер палатасының менеджерлері, SHYMKENT ӘКК АҚ, «Даму» қоры, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» және мемлекеттік органдардың өкілдері қызмет көрсетеді. Жоба

Үкімет» қала кәсіпкерлеріне үлкен қолдау болмақ. Бұған дейін Бизнес-супермаркет ашылып, жұмысын бастаған еді. Ал енді «Үкімет» арқылы қызмет көрсету мен қолдау кеңейе түсті.

АШЫҚ ӘКІМДІК

Шымкент қаласының әкімдігі халыққа қолайлы мемлекеттік қызмет түрін ұсыну мақсатында «Ашық әкімдік» форматында жұмыс істеуді қолға алды. Бұл жоба — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жергілікті атқарушы органдардың халықпен тығыз байланыс орнатудың жаңа форматына көшу туралы тапсырмасы аясында қала әкімі Ғ.Әбдірахымовтың бастамасымен жүзеге асып отыр.

Әкімдік ғимаратының бірінші қабатынан ашылған «Халықпен қызмет» орталығында тұрғындар үшін арнайы электронды кезек залы жұмыс істейді. Онда мамандар келушілерге жер, тұрғын үй, әлеуметтік салалар мен құрылыс, жол сынды мәселелері бойынша кеңес беріп, қызмет көрсетеді. Келушілер үшін күту залы, тегін wi-fi мен банкомат және төлем терминалы, арнайы e-gov порталына қосылған терминал орнатылған.

ЕҢ ОЗЫҚ ҚАЛА

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев Шымкентке жұмыс сапарымен келді.

Жұмысшы топқа қала әкімі Ғ.Әбдірахымов «Shymkent» ӘКК алаңында орналасқан мемлекеттік қолдау мен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер «Бір терезе» қағидаты бойынша көрсетілетін «Бизнеске арналған Үкімет» бірыңғай орталығымен және әкімдік ғимаратының бірінші қабатынан ашылған «Ашық әкімдік» орталығының жұмысымен таныстырды.

«Бизнес супермаркет» пен E-Commerce Center электронды коммерция орталықтарының жұмысымен танысқан агенттік төрағасы қолға алынған шаруаға оң бағасын берді. Қолайлы инвестициялық ахуал жасау және бизнес пен инвесторлардың мемлекеттік билік институттарына деген сенімін арттыру бойынша бірлесе жұмыс істеуге дайын екендіктерін жеткізді.

Әкім таныстыру барысында аталған орталықтар арқылы мемлекеттік қызмет саласын уақыт талабына сай жетілдіріп, басқару жүйесінің тиімділігін арттыру көзделгенін атап өтті.

Қызметтерді цифрландыру — сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алудың негізгі көмекшісі екенін айтқан агенттік төрағасы әкімдік бастамаларын қолдап, атқарылып жатқан жұмысқа жақсы баға берді.

Сонымен қатар қала әкімінің орынбасары Д.Жумин жұмысшы топқа сынақ түрінде енгізілген басқару жүйесі бойынша атқарылған екі айлық жұмысын баяндады. Өз сөзінде Алик Шпекбаев мемлекеттік қызметтерді алуға қолайлы жағдай жасалып жатқан әкімдік бастамаларын ауқымды жұмысқа балап, мұны сыбайлас жемқорлықтан таза қоамның ең басты құндылықтарына жатқызды. Ол Шымкенттің ең озық қала екенін атап өтті.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Барлау мен өндіру

2019 жылғы 7 маусымда Петербор халықаралық экономикалық форумы шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев пен «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ Президенті Вагит Алекперов «I-P-2» жобасы бойынша Қағидаттар туралы келісімге қол қойды.



Қол қойылған құжатқа сәйкес, екі компания ынтымақтастықтың негізгі шарттары жөнінде келісті. Сондай-ақ Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде орналасқан «I-P-2» жобасын бірлесіп іске асыруға дайын екендерін білдірді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, тараптар «I-P-2» теңіз учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығын алу мақсатында энергетика министрлігімен келіссөздердің келесі кезеңін өткізуді жоспарлап отыр. Келесі кезең көмірсутек шикізатын барлау мен өндіруге келісімшарт жасау және учаскеде жұмыс істеу үшін бірлескен кәсіпорын құру болады деп жоспарлануда.

«I-P-2» лицензиялық блогы Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде орналасқан. Блок маңындағы судың тереңдегі 300-ден 400 метрге дейін жетеді, жағаға дейінгі қашықтық — 130 шақырым. Блок маңында әр жылдары 2D сейсмикалық жұмыстар жүргізілген.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев «Серіктестеріміз — «ЛУКОЙЛ» компаниясының Каспий теңізінің қазақстандық бөлігін игеруде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-мен ынтымақтастықты кеңейту туралы бастамасын құп көреміз. I-P-2 жобасы бойынша Қағидаттар туралы келісімге қол қойылуы біздің екіжақты серіктестік қарым-қатынасымыздың одан әрі дамуына серпін беретініне сенімдімін», — деп атап көрсетті.

Айта кетейік, «ҚазМұнайГаз» бен «Лукойл» Қарашығанақ, Теңіз, Құмкөл ірі жобалары, сондай-ақ Каспий құбыр консорциумы мұнай тасымалдау жобасы бойынша серіктестік орнатқан.

2019 жылғы 1 сәуірде энергетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ арасында «Жеңіс» теңіз учаскесінде көмірсутектерді барлау мен өндіруге келісімшарт жасалғаны мәлім.

(өз тілшіміз)

Күретамыр

Халық арасында «Жол азабын жүрген білер» деген сөз бар. Бұл даналықтың қаншалықты өзектілігін өмірдің өзі дәлелдеген. Талай жылдан бері «Ақтөбе — Атырау — Астрахан (РФ)» тас жолына күрдәлі жөндеу жүргізіледі» деген әңгімеге нүкте қойылуы, расында да жол азабынан құтқарды. Енді «Атырау — Астрахан» жолына қатысты пікірді нақты айтуға болды.

Бұл шекаралық жол құрылысы елімізге және жол бойына қоныстанған халыққа керек. Жолдың жөндеуі — жергілікті тұрғындар мен кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай туғызады. Сондай ақ, сарапшылар «Ақтөбе — Атырау — Ресей шекарасы» автожолын қайта жанарту Қазақстан, Қытай, Ресей және Батыс Еуропа мемлекеттері арасындағы тауарлар мен жолаушылар тасымалын жетілдіретіндігіне сенім білдіріп отыр.

Қазіргі уақытта аталған жоба бойынша, «Ақтөбе — Атырау» бағытында айналма жол пайдалануға берілді. Жобаның бас мердігері — «Сине Мидас Строй» компаниясы.

Республикалық маңызы бар автожолдың 833-893 шақырымдық бөліктерінде құрылыс жұмыстары биыл басталды. Онда ұзындығы 6 және 8 шақырым айналмалы жол пайдалануға беріліп, негізгі жолдарда жер төсемі салынуда. Нысандағы жөндеу жұмыстарына 145 техника мен 210 адам жұмылдырылған.

Жақында ғана Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев Құрманғазы ауданына арнайы барып, жұмыс барысын көзбен көрді. Бірінші кезекте 60 шақырым жерді қайта қалпына келтіру жұмысы республикалық бюджеттен қаржыландырылады. Жоба жетекшісі Алтай Қамысбаев:

«Қазіргі уақытта құрал-жабдықтарды дайындау, ұйымдастыру жұмысы пысықталып, жолдың алғашқы құрылысы басталды. Осы бағыттағы 60 шақырым жол құрылысына бас мердігер «Сине Мидас Строй» компаниясы 106 адамды тартып отыр. Олардың 56-сы — Құрманғазы ауданының тұрғыны. Жобаға 30-дан аса техника жұмылдырылды», — деді.

Тағы бір жаңалық — стратегиялық жоба жаңа өнеркәсіп орындарының ашылуына ықпал жасайды. Бұл туралы Алтай Қамысбаев хабарлады. Ол: «Нысан аумағында бетон өнімдері зауытын, топырақ араластыратын зауыт саламыз. Болашақта қуаттылығы 2,5 мың тонна болатын асфальт-бетон зауытының іргетасы қаланады», — дейді.

КҮРЕЖОЛДЫҢ КҮРМЕҮІ ШЕШІЛЕДІ

Зауыт құрылысына барған облыс әкімі Нұрлан Ноғаев стратегиялық маңызы зор жобаның бақылауда болатынын айтты. Аймақ басшысы: «Жолдың құрылысы Елбасының Атырау облысына жасаған сапары кезінде қолдау тапты. Барлық бағыты жергілікті атқарушы органдардың бақылауында болады.



Жұмысшылар уақтылы жалақы алады, өмір сүру үшін барлық қажетті жағдайлармен қамтамасыз етіледі. Құрылыс қауіпсіздік ережелеріне сай болуы керек. Түйінді мәселелер мен ірікіліс болмауы тиіс», — деді. Жұмыс кестесіне сәйкес, «Атырау —

Астрахан» тас жолының 60 шақырымдық құрылысы екі жылға жоспарланған. Биыл оның 23 шақырымын аяқтау жоспарланып отыр. Жұмыстың барлық кезеңі бойынша 150-ге жуық тұрғын жұмыспен қамтылады деп күтілуде.

Еске сала кетейік, «Ақтөбе — Атырау — Астрахан» автокөлік жолының жалпы ұзындығы 893 шақырымды құрайды. Оның 552 шақырымы Атырау жерінен өтеді. Қазір облыс аумағымен шектесетін



жолдың 432 шақырымы нашар. Ал облыс шекарасымен өтетін «Ақтөбе — Атырау» тас жолы 155 шақырымды құрайды.

2018 жылға дейін облыста 14 мектеп пен 25 балабақша салынды. Бұл өте жақсы көрсеткіш. Осы бағыттағы жұмыстар жалғасады. Биыл барлық проблемалық мәселелерді жабуға мүмкіндік беретін 25 білім беру нысанын салу үшін қаражат бөлінді. Бұдан басқа қалдықтарды тазартатын салу, тұрғындар үшін демалыс орынын салу көзделіп, шалғайдағы



Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының желісін дамыту халықтың ұтқырлығы мен материалдық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, көлік шығасыларын және тасымалдау уақытының шығынын төмендету есебінен ауыл экономикасының өндірістік мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын дамыту және олардың техникалық жағдайын нормативтік талаптарға сәйкес келетін деңгейге жеткізу мақсатында әртүрлі жұмыс түрлері іске асырылатын болады.

(Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасынан)

елді мекендерге газ және су тарту үшін қаржы бөлінеді», — деді.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Денсаулық

Ел тұрғындарының денсаулығын сақтаудың тиімді және орынды жүйесін дамыту мемлекеттің басты мақсаты және берік ұстанымы болып келеді. Осы орайда денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының алар орыны ерекше. Ендеше, аталған бағдарлама халыққа не берді, қандай жетістіктерге жеттік? Тұрғындардың, соның ішінде балалар денсаулығын қорғауға бағытталған қызметтің қолжетімділігі қандай? Осы секілді өзекті мәселелер төңірегінде Алматыдағы №2 қалалық клиникалық балалар ауруханасының бас дәрігері Марат Рабандиярұлымен сұхбаттасқан едік.

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ АРТАДЫ



Jas qazaq: Марат Рабандиярұлы, өзіңіз басқаратын балалар ауруханасы жанынан ашылған консультативтік-диагностикалық педиатрия орталығында денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламасы қалай жүзеге асырылуда?

М.Рабандиярұлы: «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының жалпы қоғам үшін пайдасы зор. Бізде әлеуметтік-медициналық сақтандыру, цифрландыру, орталықты жана технологиямен камтамасыз ету, білікті мамандар тарту сияқты жұмыстың барлығы балалардың денсаулығын сақтау, алдын алу шараларын камтамасыз ету мақсатында көптеген шаруа атқарылды. Осы бағдарлама аясында балаларға дер кезінде сапалы медициналық көмек көрсетіп, дәрі-дәрмекпен камтамасыз ету, сондай-ақ мамандарды бір жерге шоғырландыру үшін аурухана жанынан консультативтік-диагностикалық орталық салынды. Бұл — Алматыдағы ең үлкен орталық. Мұнда диабет және гемфилиялық орталық жұмыс істейді. Науқастар әртүрлі мекемеге барып, уақытын зая кетіrmестен, барлық қызмет түрін осы жерден алуына болады. Қажет кезде зертханалық немесе басқа да диагностикалық тексерудің нәтижесіне көз жеткізуге мүмкіндіктері бар.

Jas qazaq: Орталықтың қызметі жөнінде теренірек айтып берсеңіз. Өйткені медицина саласының қыры мен сыры жан-жақтылықты талап етпей ме?

М.Рабандиярұлы: Атап өтерлік ең басты мәселе, орталық қазіргі заманға сай, соңғы үлгідегі медициналық құрылғылармен жабдықталған. Сонымен қатар, гематологиялық аурулармен ауыратын балаларға қала бойынша біздің зертханада нақты әрі сапалы талдаулар жасайды. «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының сай барлық қызмет 18 жасқа дейінгі балаларға тегін көрсетіледі. Ауруханада науқастар барлық әртүрлі соматикалық аурулар, яғни кардиологиялық, алергодерматологиялық, эндокринологиялық, неврологиялық аурулар бойынша ем алады. Осында емделу барысында 10-15 күн ішінде қажетті массаж, физикалық тұрғыдан емдеу сияқты қайта оңалту көмектерін де алады. Мұнда күндізгі стационар бар. Ол жерде де нозологияның барлық саласы бойынша, соматикалық аурудың барлық түрі бойынша емделіп шығу мүмкіндіктері қарастырылған. Дәрі-дәрмекпен камтамасыз етуде еш қиындық жоқ. Қажетті дәрі-дәрмектің бәрі дер кезінде жеткізіледі. Оған өзіміз уақытылы тапсырыс беріп отырамыз.

Jas qazaq: Денсаулық сақтауға қатысты мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағытының бірі — саланы жана технологиямен камтамасыз ету екені белгілі. Орталықта бұл жұмыс қандай деңгейде?

М.Рабандиярұлы: Жана ғимарат ашылғалы бері орталық заманауи құрал-жабдықтармен камтамасыз етілді. Олардың арасындағы ең озығы әрі ауыз толтырып айтарымыз — магниттік-резонанстық томография (МРТ) құрылғысы. Бұрынғы МРТ қуаты 0,35 тесло болса, жаңасының қуатты — 1,5 тесло. Бұл зерттеу ауқымын кеңейтуге, уақыт үту жағынан көп мүмкіндік береді. Мысалы, бұрынғы құрылғыларда диагнозды анықтауға 40 минут кетсе, кейінгілерінде — 20 минут. Мәселен, науқас инсультпен түскенде әрбір минут қымбат. Жалпы емдеу, диагностика жүйесін жоғары деңгейде ұстау, тиімді қолдану бізге

де, емделушіге де ыңғайлы. Айталық, мұндай технология түрлерімен гидроцефалияны нақты анықтай аламыз. Гидроцефалия дегеніміз — мидың ішкі құрылысына су жиналуы. Сонымен қатар, мидағы судың қай бағытта жылжитынын анықтайтын бағдарламалар бар. Оны да енгізіп жатырмыз. Бұл өте күрделі зерттеулерге жатады. Осының бәрі дәрігердің біліктілігін қажет етеді. Ал жаңа технология түріне тоқталар болсақ, бізде аса қажетті құрал саналатын компьютерлік томография бар. Ескісінің қуатты 16 тесла болса, жаңасының қуаттылығы — 128 тесла. Байқап отырғаныңыздай, екеуінің айырмашылығы өте жоғары. Бұл бізге не береді? Бұл сауал жұртты да ойға қалдыратыны анық. Сол себепті, соңғы үлгідегі компьютерлік томография қан тамырларын жақсы көрсететіндігін, мидың ишемия болған аймақтарын анықтауға мүмкіндік беретінін айтқанымыз жөн.

Jas qazaq: Қазіргі уақытта жана технологияларды қолданумен қатар, оларды тиісті деңгейде меңгерген білікті мамандар қажеттігін де айттыңыз. Орталықта тәжірибелі кадрлар мәселесі қалай шешілген?

М.Рабандиярұлы: Елімізде медицина қызметкерлеріне өз біліктілігін көтеріп, арнайы

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ АРТАДЫ



сертификат алу керектігі міндеттелген. Біз де осы бағыттағы бағдарламаны жүзеге асырып келеміз. Мамандардың біліктілігін көтеруге қатаң талап қоямыз. Алыс-жақын шет елдердегі кәсіби оқулардың бәрине мамандарымызды жіберіп отырамыз. Сондықтан № 2 қалалық клиникалық балалар ауруханасы мен консультативтік-диагностикалық педиатрия орталығында істейтін мамандардың бәрі жоғары санатты екендігін мақтанышпен айта аламыз.

«Адам денсаулығын қорғау және нығайту адамның жас және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, аурулар мен олардың салдарының пайда болу қатерінің сыртқы және мінез-құлықтық факторларын төмендету бойынша саби өмірінің алғашқы күндерінен басталатын және барлық жастағы кезеңдерінде жалғастырылатын профилактикалық іс-шараларға бағытталатын болады»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасынан)



Бізге тәжірибесі 3 жылдан аспайтын жас мамандар да көптеп келеді. Олардың тәжірибесін жетілдіріп, білікті маман болуына қол ұшын береміз. Былтыр қалалық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен бірнеше қызметкеріміз Израиль мен Литваға барып, әріптестерімен тәжірибе алмасып келді. Қазір осындай шетелден келген маман шеберлік сабақтары арқылы бір мезетте бірнеше маманға өз білгенін үйретіп, мамандарды медицинаның соңғы мүмкіндіктерімен таныстырып келеді. Орталыққа қатысты тағы бір жаңалық,

TIRSHILIK

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

хирургия бөлімшесін ашқалы жатырмыз. Онда нейрохирургия, травматология және жалпы хирургия бағыттары бойынша қызмет көрсетіледі.

Мемлекеттің медицина саласында аса көңіл бөліп отырған мәселесі — цифрландыру. Соның ішінде телемедицина өте ыңғайлы. Керек кезде шетелдік әріптестерімізбен, науқастармен скайп арқылы телемедициналық байланысқа шығамыз. Тәжірибе алмасамыз, бір-бірімізге көмек көрсетеміз. Сол жерде мамандар науқастарды көрсетіп, пікір алысып, баланың ары қарайғы жағдайын ойластырады. Нақты диагноз қояды.

Бұған 2018 жылы енгізілген кешенді медициналық акпараттық жүйе де көп мүмкіндік берді. Себебі, бұрын ауруханадан шығып кеткен науқастың жағдайын біле алмай,

бейхабар қалатынбыз. Ал қазір науқас ауруханада тіркеліп, базаға енгізілген күннен бастап барлық жағдайынан хабардар болып отырамыз.

Jas qazaq: Сіздерде өңірлерден де келіп емделушілер бар ма?

М.Рабандиярұлы: Орталық аурухана болғандықтан, негізінен қаланың барлық аудандарынан науқастарды қабылдап, тиісті дәрігерлік көмек көрсетеміз. Жалпы еліміздің аймақтарынан кез-келген бала жоспарлы түрде ем алуға құқылы. Атырау, Астана, Жезқазған, Қостанай және басқа да өңірлерден келіп, емделушілер баршылық. Аурухана 280 орынға лайықталған. Соның ішінде стационар — 240, ал күндізгі стационар — 40. Айына шамамен 700-800 бала ем алады.

Jas qazaq: Қазіргі таңда балалар арасында қандай аурулар жиі кездеседі?

М.Рабандиярұлы: Неврологиялық аурулар өте кен тараған. Туа бітті ДПП, яғни церебралдық сал аурулары бойынша келушілер көп. Негізінде дерт маусымға байланысты белең алады. Күн суыта бастағанда өкпе, тыныс жолы аурулары, ЖРВИ көбейеді. Ол наурыз айына дейін созылады. Кейде орын да табылмай қалады. Ондай жағдайда екі бөлімшені

бірдей ашуымызға тура келеді. Сәуір айынан бастап астма мен аллергиялық аурулар коза бастайды. Балалардың дұрыс тамақтанбауы салдарынан тарайтын гормоналдық аурулар да жеткілікті. Балалар арасында семіздік және даму қабілетінің төмендеуі жиілеп кетті. Қазіргі таңда қант диабеті де балалар арасында белең алуда. Оларға арнайы гормоналдық тексерулер жүргізіледі. Бұл аурудың жылдан-жылға көбейіп, жасарып келе жатқаны да алаңдатады. Аурудың көбеюі тұқым қуалаумен қатар, жұқпалы аурулардың өршуі, артық салмақ қосу және дұрыс тамақтанбау, белсенді қимылдың аздығымен байланысты. Сондықтан балаларды үнемі дене шынықтырып, дұрыс тамақтануын қадағалау керек.

Jas qazaq: Денсаулық сақтау саласында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі қарқынды енгізіліп жатқаны белгілі. Оның басты артықшылығына тоқтала кетсеңіз.

М.Рабандиярұлы: Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың артықшылығы өте көп. Мысалы, аз қаражатпен МӘМС шеңберінде қызметтердің толық пакетін ала аласыз. Медициналық сақтандыру қорына жарна енгізу арқылы сіз қабылдаудан бастап, дәрігердің толық тексеруіне дейін және МӘМС пакеті шеңберінде кез-келген емханада медициналық қызметтердің барлық түріне қол жеткізе аласыз. Сақтандырылған азамат жеке электрондық денсаулық сақтау жүйесіндегі жеке кабинеті арқылы көрсетілетін медициналық қызметтердің, денсаулық жағдайын, ақылы жарналары туралы барлық акпаратты көре алады.



МӘМС барлық сақтандырылған тұлғаларға тең мүмкіндіктерді камтамасыз етеді. Әр адам медициналық ұйымды өзі тандайды. Тексерілетін, ем қабылдайтын жеке немесе мемлекеттік емханалардың қалағанына бара аласыз. Бұл дегеніміз, ауруханалар мен емханалар арасындағы бәсекелестік.

Осы арқылы медициналық қызметтердің сапасы жақсарып, дәрігерлердің біліктілігі артып, тәжірибелері де молая түседі.

Сұхбаттасқан Нүргүл ЖАМБЫЛҚЫЗЫ

Тәлім

АЛА ДОПҚА ДА БІЛІМ КЕРЕК

Педогогика негізі бойынша қабілетсіз оқушы болмайды. Тек соны дұрыс бағытта дамыту керек. Салауатты өмір салтын ұстанған, шыныққан, дені сау оқушыларды тәрбиелеу мақсатында ашық сабақ ұсынып отырмыз.

«Доп соғу техникасы» атты бұл ашық сабағымыз 11 сынып оқушыларына бағытталған. Дене шынықтыру пәнінің маңызы мен оның мектеп қабырғасында алар орны туралы әрбір бала жетік білуі тиіс деп ойлаймын. Дене шынықтыру пәнінің көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі басты назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген ынтасын арттыру қызықты ұйымдастырылған сабаққа тікелей байланысты. Осы бағытта әрбір мұғалімнің оқыту, үйретуде өз тұғырнамасы болуы қажет.

Мәселен, менің 40 минуттық сабағым 3 бөлімнен тұрады. Сабақ барысында ысқырық, футбол добы және түрлі кедергілер жинақталған құрал-жабдықтар пайдаланылды. Тағы бір ескеретін жәйт, уақыт мөлшерін есте естен шығармау. Сонымен қатар, мазмұны бойынша орбитін тапсырмалар міндетті түрде әдістемелік нұсқау арқылы көрсетілуі тиіс.

Кіріспе бөлім 15 минуттан тұрады. Сабақ жоспары төмендегі тапсырма бойынша орындалды. Алдымен оқушылар сапка тұрғызылып, сәлемдесіп алғаннан кейін, сабақ тақырыбы мен мақсаты түсіндіріледі. Бұл кезде мұғалім оқушылардың сабаққа дайындығы мен спорт киіміне мән беріп, тапсырманы тыңғылықты тыңдауын қадағалауы керек. Әрі қарай сабақ саптағы жаттығумен жалғасады. Спорттық жүріс жаттығуы кезінде денені тік ұстау — басты қағида. Әсіресе,



қолымызды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру. Қолды белге тіреп, өкшемен жүру. Қолды аяғымызға тигізіп жүру. Қолды алға созып, жартылай отырып жүру. Қолды тізеге қойып, толық отырып жүру. Сондай-ақ қолды белге қойып, екі бағытқа секіріп жүру жаттығуларын мұқият орындаған жөн. Одан кейін жүгіру жаттығуларының бірнешеуі жасалады. Осы сәтте мен оқушының аяқ алысын, денесін оңға, солға, артқа бұрған қимылдарын жігі бақылаймын. Бұл тұста жалпы дамыту жаттығуларының алар орны зор. 8 минутқа созылатын иық, қол, бел және аяққа негізделген іс қимыл жаттығуларының адам денсаулығына пайдасы мол. Сол себепті бастапқы калыппен негізгі тұрысты сақтап жасалатын бірнеше жаттығуды 3-4 мәрте қайталауды қадағалаймын.

Сабағымының негізгі бөлімінде футбол ойынының ережесі таныстырылады. Әрі қарай ойыншылар екі топқа бөлініп ойнайды. Олар алаң ішіндегі бір және алаң жанындағы екі төрешінің ескертпесіне құлақ асуы тиіс. Сабақтың ортасында допты аяқпен тебу (ушымен) тәсілінің бірнеше техникасымен танысады.

Қорытынды бөлімге бес минут жетеді. Оқушыларды сапка тұрғызу, сабақты қорытындылау, белсенділік танытқан балаларды атап өту, оларға тиісті бағасын қою және үй тапсырмасын беру қамтылады.

Осы жұмысымның нәтижесінде әр оқушының дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылығы артатынына сенімдімін.

Ержан АСАУҒАЛИЕВ, Ақтөбе облысы, Қарабұтақ ауылы Т.Шевченко атындағы орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі





«Отан – отбасынан басталады» дейміз. Бұл рас. Елімізде отбасының қадір-қасиетін терең ұғынып, өзгелерге үлгі болған шаңырақтар жетерлік. Біз солармен мақтануымыз керек. Олардың отбасы құндылығын сақтаудағы өнегелі өмірін жастарға үлгі еткеніміз жөн. Осы тұрғыда Алматы облысында игілікті жұмыстар жүргізіліп келеді. «Мерейлі отбасы» байқауының тұрақты ұйымдастырылуы сөзімізге дәлел.



КӨПКЕ ҮЛГІ ОТБАСЫЛАР

Бұл байқауға өңіріміздегі этнос өкілдері де қатысып, олар өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, өнерін әспеттеп, салт-дәстүрін сақтап қалу жолында еңбектеніп келеді. Ал биылғы «Мерейлі отбасы» байқауы қатысушылардың көптігі және бәсекенін мықтылығымен ерекшеленді.

Естеріңізге сала кетсек, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани адамгершілік құндылықтарын нығайту мақсатында өңірлерде «Мерейлі отбасы» байқауын өткізуді тапсырған еді. Содан бері бірнеше жыл қатарынан аудандарда, оның жеңімпаздары облыстарда бақ сынап келеді. Нағыз өнегелі отбасылар республикалық «Мерейлі отбасы» байқауына қатысу бақытына ие болады. Дәстүрлі байқау адамгершілік құндылықтар мен отбасының үлгісін қалыптастыру, ата-ана мен балалардың мәртебесін көтерулі көздейді. Ең бастысы, қатысушылар көпшілікке отбасылық құндылықтарды әңгімелеп, ынтымағы жарасқан азаматтарды үлгі етті.

Әлбетте, әр отбасының өзіне тән тұрмыс қағидасы болады. Аялайда біз көп этносты болғандықтан, өзге ұлт өкілдерінің де отбасылық қағидасына құрметпен қараймыз. Байқау барысында осының бөрі бір ортаға тоғысып, бір шаңырақ астында өмір сүрудің ерекшелігін әспеттеді. Көпшіліктің бұл қуанышы төңірегінде Алматы облысы әкімінің орынбасары Ақан Әбдуәлиев ой бөлісті: «Отбасы – береке-бірліктің қайнар көзі. Ағайынның татулығы – елдің берекесі екені белгілі. Үйелмелі-сүйелмелі бала-шағаны бір шаңырақта өсіріп, ержеткізіп отырған ата-ананың еңбегі ерен. Олар бір-біріне бауырмал болып келеді. Кең байтақ жерімізге ие болатын ұлағатты ұрпақ өсіру – бізмізге міндет. Ендіше, бүгінгі байқаудың тәрбиелік маңызы зор. Елімізде мерейлі отбасылар саны арта берсін. Быылғы байқауға 36 отбасы қатысып, бақ сынады. Жеңімпаз отбасыларын шын жүректен құттықтаймыз!».

Келесі кезек аудандық «Мерейлі отбасы» байқауының облыстық деңгейдегі жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне өтті. Үшінші орын 3 отбасыға берілді. Ең алдымен, сахна төріне Еңбекшіқазақ ауданында тұратын Әлімбаевтер отбасы шықты. Әулеттің үлкені – Құлжабай Әлімбаев. Өмір бойы мал шаруашылығымен айналысқан. Отбасында 7 ұл, 2 қыз, 31 немере, 21 шөбере бар. Екінші отбасы Кеген ауданынан келген – Әлдибековтер. Әшірбек аға мен Жұмагүл апай 6 ұл, 4 қыз өсірген.

Тағарда тұратын Құшбаевтар отбасы үшінші орынды иеленді. Бір-бірімен тетелес Рашид, Гүлжан,

– Ескелді ауданынан келген Касеновтер отбасы. Айтбай Касенов Ескелді ауданының Құрметті азаматы. Отанасы Күнтәй «Победа» ұжымшарында қызылшаы болған. Олар 6 ұл, 6 қыз бала тәрбиелеп, өсірген. Үшінші отбасы Алақол ауданында тұратын Зуевтердің шаңырағы. Алик пен Амансұлу Көлбай ауылына жақсы танымал. 3 қыз, 3 ұлды бағып отырған ардақты жандар.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының бірінші дәрежелі дипломны екі отбасыға бұйырды. Қыстаубаевтар – Балқаш ауданында көпке сыйлы жандар. Әбдіжаппар Қыстаубаев «Бірлік» акционерлік қоғамын құрған. Монғолия және Қарақалпақстаннан бауырларымыздың елге оралуына

көмектесіп, келгендерді тұрақты жұмыспен қамтуға дәнекер болып жүр. «Құрмет» орденінің иегері. Қазақ ұлттық аграрлық университетінің Құрметті профессоры.

Ал бірінші орынды Кербұлақ ауданынан қатысқан Ақбасовтар отбасы иеленді. Баясыл Ақбасов жыл сайын 4,5 миллион теңгеге көпбалалы және тұрмысы төмен екі отбасыға үй алып береді. Соңғы екі жылда Балалар күні қарсанындық «Қуанса, бала қуансы» атты шара аясында ұл-қыздарға 1 миллион 800 мың теңгеге мерекелік сыйлықтар әперді. Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы. Жары Ғалия



Ниязкызы биыл «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде көпбалалы аналар атынан сөз сөйлеп, ел аналарына өнеге көрсетті.

Марапаттау соңында байқауға қатысқан отбасылар атынан Ғалия Ақбасова сөз сөйлеп, шараны ұйымдастырушыларға алғыс айтты. Ол өз сөзінде: «Қазақ ежелден бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Ұл-қызының қайырмыды, көпшіл болып өсуіне мән берген. Осындай шара өткізуге мұрындық болғаны үшін облыс әкімі Аманжол Баталовқа аналар атынан алғыс айтамын. Халқымызда «Баланы бесіктен» деген нақыл бар. Өсірген балаларымыз саналы болсын. Барлық отбасы бақытты болсын!», – деді.

Жұрт назарын өзіне аударып, шаңырақ иелерін ойға қалдырған ізгілігі мол шара енді республикалық деңгейде өтеді. Онда бірінші орын алған екі отбасының бірі бақ сынайды.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, САУДА-САТТЫҚ!

«**КазТрансОйл»** АҚ (заңды мекенжайы: Астана қ., Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, тел.: +7 (7172) 55 56 53) «КазТрансОйл» АҚ-тың кейбір жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің балансында тұрған көлік құралдарынан сату бойынша тендер өткізуді туралы хабарлайды.

2018 жылғы 19 қарашадағы жағдай бойынша «КазТрансОйл» АҚ-тың кейбір жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің балансында тұрған көлік құралдарының алғашқы (*бастапқы*) бағасы: №1 лот Toyota Land Cruiser 200 – 7 384 000 теңге; №2 лот «Toyota Camry» – 1 672 000 теңге; №3 лот УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 – 905 000 теңге; №4 лот Лада 2113/lada 21310 – 712 000 теңге; №5 лот Toyota Hiace – 2 559 000 теңге; №6 лот ГАЗ 2217-5104/газ 2217-5104 – 875 000 теңге; №7 лот Toyota Hiace – 2 576 000 теңге; №8 лот KIA Mohave – 5 846 000 теңге; №9 лот Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; №10 лот Toyota Land Cruiser 100 VX – 4 771 000 теңге; №11 лот Toyota Land Cruiser – 3 142 000 теңге; №12 лот Toyota Land Cruiser – 3 119 000 теңге; №13 лот Toyota Coaster – 7 195 000 теңге; №14 лот Toyota Previa – 3 101 000 теңге; №15 лот Ssang Yong Kyron – 3 013 000 теңге; №16 лот Toyota Land Cruiser – 4 185 000 теңге; №17 лот Toyota Land Cruiser – 7 918 000 теңге; №18 лот Toyota Camry – 2 068 000 теңге; №19 лот УАЗ 31519 017/уаз 31519-017 – 804 000 теңге; №20 лот Toyota Land Cruiser – 4 118 000 теңге; №21 лот Toyota Hi Ace – 1 617 000 теңге; №22 лот УАЗ 39094/уаз 39094 – 639 000 теңге; №23 лот Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; лот №24 Паз 32054/паз 32054 – 1 491 000 теңге; №25 лот Toyota Coaster – 5 817 000 теңге; №26 лот Toyota Hiace 2WD – 1 808 000 теңге; №27 лот Toyota Coaster – 7 195 000 теңге; №28 лот Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; №29 лот Toyota Coaster – 7 195 000 теңге; №30 лот Hyundai County Long – 1 937 000 теңге; №31 лот BA3 21310/vaz 21310 – 712 000 теңге; №32 лот Toyota Camry – 1 672 000 теңге; №33 лот Ssang Yong Kyron – 3 013 000 теңге; №34 лот Toyota Land Cruiser – 4 568 000 теңге; №35 лот Toyota Land Cruiser 100 VX – 5 489 000 теңге; №36 лот Toyota Land Cruiser 100 GX – 5 179 000 теңге; №37 лот Toyota Land Cruiser 100 VX – 3 645 000 теңге; №38 лот Toyota Land Cruiser 200 VX – 9 275 000 теңге; №39 лот Iveco Power Daily – 4 210 000 теңге; №40 лот Iveco Power Daily – 4 210 000 теңге; №41 лот Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; №42 лот Daewoo BS 090 – 1 565 000 теңге; №43 лот Toyota Land Cruiser – 5 378 000 теңге; №44 лот Toyota Land Cruiser 200 VX – 7 384 000 теңге; №45 лот Ssang Yong Rexton – 5 184 000,00; лот №46 Toyota Land Cruiser – 4 568 000,00; №47 лот Toyota Hi Ace – 1 637 000,00; №48 лот Toyota Hi Ace – 1 579 000,00; №49 лот Iveco Power Daily – 4 129 000,00; №50 лот BA3 21310/vaz 21310 – 712 000 теңге; №51 лот Toyota Camry – 1 672 000,00; №52 лот Toyota Land Cruiser 100 VX – 4 185 000,00; №53 лот Toyota Hiace – 4 361 000 теңге; №54 лот Toyota Hiace – 4 260 000 теңге; №55 лот Toyota Coaster – 6 465 000 теңге; №56 лот Toyota Land Cruiser 200 VX – 7 942 000 теңге; №57 лот Лада 21310/lada 21310 – 712 000 теңге; №58 лот Ssang Yong Kyron -3 013 000 теңге; №59 лот Toyota Land Cruiser – 7 384 000 теңге; №60 лот Toyota Land Cruiser 105gx – 5 136 000 теңге; №61 лот УАЗ 39099/уаз 3909 – 638 000 теңге; №62 лот ПАЗ 32054/паз 32054 – 1 491 000 теңге; №63 лот Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; №64 лот Toyota Coaster – 7 195 000 теңге; №65 лот Уаз 31519/уаз 31519 – 803 000 теңге; №66 лот УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 – 905 000 теңге; №67 лот УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 – 905 000,00; №68 лот УАЗ 315195/уаз 315195 -787 000 теңге; №69 лот Кавз 397652/кавз 397652 -588 000 теңге; №70 лот Toyota Land Cruiser 100 VX – 3 845 000 теңге; №71 лот Toyota Land Cruiser 100 VX – 4 781 000 теңге; №72 лот Toyota Hiace – 3 425 000 теңге 2018 жылғы 19 қарашадағы жағдай бойынша.

№1 лот «Toyota Land Cruiser 200» бойынша кепілдік жарналар 369 200 теңге мөлшерінде; №2 лот «Toyota Camry» бойынша 83 600 теңге мөлшерінде; №3 лот УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 бойынша 45 250 теңге мөлшерінде; №4 лот Лада 2113/lada 21310 бойынша 35 600 теңге мөлшерінде; №5 лот Toyota Hiace бойынша 127 950 теңге мөлшерінде; №6 лот ГАЗ 2217-5104/газ 2217-5104 бойынша 43 750 теңге мөлшерінде; №7 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 128 800 теңге мөлшерінде; №8 лот KIA Mohave бойынша 292 300 теңге мөлшерінде; №9 лот Iveco Power Daily бойынша 206 450 теңге мөлшерінде; №10 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 238 550 теңге мөлшерінде; №11 лот Toyota Land Cruiser бойынша 157 100 теңге мөлшерінде; №12 лот Toyota Land Cruiser бойынша 155 950 теңге мөлшерінде; №13 лот Toyota Coaster бойынша 359 750 теңге мөлшерінде; №14 лот Toyota Previa бойынша 155 050 теңге мөлшерінде; №15 лот Ssang Yong Kyron бойынша 150 650 теңге мөлшерінде; №16 лот Toyota Land Cruiser бойынша 209 250 теңге мөлшерінде; №17 лот Toyota Land Cruiser бойынша 395 900 теңге мөлшерінде; №18 лот Toyota Camry бойынша 103 400 теңге мөлшерінде; №19 лот УАЗ 31519 017/уаз 31519-017 бойынша 40 200 теңге мөлшерінде; №20 лот Toyota Land Cruiser бойынша 205 900 теңге мөлшерінде; №21 лот Toyota Hi Ace бойынша – 80 850 теңге мөлшерінде; №22 лот УАЗ 39094/уаз 39094 бойынша 31 950 теңге мөлшерінде; №23 лот Iveco Power Daily бойынша 206 450 теңге мөлшерінде; №24 лот Паз 32054/паз 32054 бойынша 74 550 теңге мөлшерінде; №25 лот Toyota Coaster бойынша 290 850 теңге мөлшерінде; №26 лот Toyota Hiace 2WD бойынша 90 400 теңге мөлшерінде; №27 лот Toyota Coaster бойынша 359 750 теңге мөлшерінде; №28 лот Iveco Power Daily бойынша 206 450 теңге мөлшерінде; №29 лот Toyota Coaster бойынша 359 750 теңге мөлшерінде; №30 лот Hyundai County Long бойынша 96 850 теңге мөлшерінде; №31 лот BA3 21310/vaz 21310 бойынша 35 600 теңге мөлшерінде; №32 лот Toyota Camry бойынша 83 600 теңге мөлшерінде; №33 лот Ssang Yong Kyron бойынша 150 650 теңге мөлшерінде; №34 лот Toyota Land Cruiser бойынша 228 400 теңге мөлшерінде; №35 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 274 450 теңге мөлшерінде; №36 лот Toyota Land Cruiser 100 GX бойынша 258 950 теңге мөлшерінде; №37 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 182 250 теңге мөлшерінде; №38 лот Toyota Land Cruiser 200 VX бойынша 463 750 теңге мөлшерінде; №39 лот Iveco Power Daily бойынша 210 500 теңге мөлшерінде; №40 лот Iveco Power Daily бойынша 210 500 мөлшерінде; №41 лот Iveco Power Daily бойынша 206 450 теңге мөлшерінде; №42 лот Daewoo BS 090 бойынша 78 250 теңге мөлшерінде; №43 лот Toyota Land Cruiser 268 900 теңге мөлшерінде; №44 лот Toyota Land Cruiser 200 VX бойынша 369 200 теңге мөлшерінде; №45 лот SsangYong Rexton бойынша 259 200 теңге мөлшерінде; №46 лот Toyota Land Cruiser бойынша 228 400 теңге мөлшерінде; №47 лот Toyota Hi Ace бойынша 81 850 теңге мөлшерінде; №48 лот Toyota Hi Ace бойынша 78 950 теңге мөлшерінде; №49 лот Iveco Power Daily бойынша 206 450 теңге мөлшерінде; №50 лот BA3 21310/vaz 21310 бойынша 35 600 теңге мөлшерінде; №51 лот Toyota Camry бойынша 83 600 теңге мөлшерінде; №52 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 209 250 теңге мөлшерінде; №53 лот Toyota Hiace бойынша 218 050 теңге мөлшерінде; №54 лот Toyota Hiace бойынша 213 000 теңге мөлшерінде; №55 лот Toyota Coaster бойынша 323 250 теңге мөлшерінде; №56 лот Toyota Land Cruiser 200 VX бойынша 397 100 теңге мөлшерінде; №57 лот Лада 21310/lada 21310 бойынша 35 600 теңге мөлшерінде; №58 лот Ssang Yong Kyron бойынша 150 650 теңге мөлшерінде; №59 лот Toyota Land Cruiser бойынша 369 200 теңге мөлшерінде; №60 лот Toyota Land Cruiser 105gx бойынша 256 800 теңге мөлшерінде; №61 лот УАЗ 39099/уаз 3909 бойынша 31 900 теңге мөлшерінде; №62 лот ПАЗ 32054/паз 32054 бойынша 74 550 теңге мөлшерінде; №63 лот Iveco Power Daily бойынша 206 450 теңге мөлшерінде; №64 лот Toyota Coaster бойынша 359 750 теңге мөлшерінде; №65 лот Уаз 31519/уаз 31519 бойынша 40 150 теңге мөлшерінде; №66 лот УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 бойынша 45 250 теңге мөлшерінде; №67 лот УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 бойынша 45 250 теңге мөлшерінде; №68 лот УАЗ 315195/уаз 315195 бойынша 39 350 теңге мөлшерінде; №69 лот Кавз 397652/кавз 397652 бойынша 29 400теңге мөлшерінде; №70 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 192 250 теңге мөлшерінде; №71 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 239 050 теңге мөлшерінде; №72 лот Toyota Hiace бойынша 171 250 теңге мөлшерінде 2019 жылғы 25 маусымдағы сағат 18-00-ге дейінгі мерзімнен кешіктірмей келесі деректер бойынша енгізіледі: «КазТрансОйл» АҚ; Астана қ., Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай; «Қазақстан Халық банкі» АҚ; Астана қ., SWIFT BIC: HSBKZKZX, КБЕ 16, ЖСК KZ34601011000046283 (*менше*), БСН 970540000107.

Тендер 2019 жылғы 26 маусымда сағат 15-00-де мына мекенжай бойынша өткізіледі: Астана қ., Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, мәжіліс-залы, 3-ші кабат.

Көлік құралдары туралы мәліметтер тендерлік құжаттамада көрсетілген, оны сағат 09-00-ден 18-30-ға дейін мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қ., Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, 415-кабинет, тел.: (7172) 55 56 53.

Тендерге қатысатын жеткізушілердің тендерлік ұсыныстары 2019 жылғы 21 маусымдағы сағат 18-00-ге дейінгі мерзімнен кешіктірмей мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, 415-каба.

Көлік құралдарының төлем шарттары: барлық баға бойынша төлем сатып алу-сату шарты күшіне енген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

ВНИМАНИЕ, ТОРГИ!

АО «КазТрансОйл» (юридический адрес: г. Астана, проспект Тұран, здание 20, нежилое помещение 12, тел.: +7 (7172) 55-56-53) сообщает о проведении тендера по реализации транспортных средств, находящихся на балансе некоторых обособленных структурных подразделений АО «КазТрансОйл».

Начальная (стартовая) цена транспортных средств, находящихся на балансе некоторых обособленных структурных подразделений АО «КазТрансОйл по состоянию на 19 ноября 2018 года: лот №1 «Toyota Land Cruiser 200» – 7 384 000 теңге; лот №2 «Toyota Camry» – 1 672 000 теңге; лот №3УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 – 905 000 теңге; лот №4 Лада 2113/lada 21310 – 712 000 теңге; лот №5 Toyota Hiace – 2 559 000 теңге; лот №6 ГАЗ 2217-5104/газ 2217-5104 – 875 000 теңге; лот №7 Toyota Hiace – 2 576 000 теңге; лот №8 KIA Mohave – 5 846 000 теңге; лот №9 Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; лот №10 Toyota Land Cruiser 100 VX – 4 771 000 теңге; лот №11 Toyota Land Cruiser – 3 142 000 теңге; лот №12 Toyota Land Cruiser – 3 119 000 теңге; лот №13 Toyota Coaster – 7 195 000 теңге; лот №14 Toyota Previa – 3 101 000 теңге; лот №15 Ssang Yong Kyron – 3 013 000 теңге; лот №16 Toyota Land Cruiser – 4 185 000 теңге; лот №17 Toyota Land Cruiser – 7 918 000 теңге; лот №18 Toyota Camry – 2 068 000 теңге; лот №19 УАЗ 31519 017/уаз 31519-017 – 804 000 теңге; лот №20 Toyota Land Cruiser – 4 118 000 теңге; лот №21 Toyota Hi Ace – 1 617 000 теңге; лот №22 УАЗ 39094/уаз 39094 – 639 000 теңге; лот №23 Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; лот №24 Паз 32054/паз 32054 – 1 491 000 теңге; лот №25 Toyota Coaster – 5 817 000 теңге; лот №26 Toyota Hiace 2WD – 1 808 000 теңге; лот №27 Toyota Coaster – 7 195 000 теңге; лот №28 Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; лот №29 Toyota Coaster – 7 195 000 теңге; лот №30 Hyundai County Long – 1 937 000 теңге; лот №31 BA3 21310/vaz 21310 – 712 000 теңге; лот №32 Toyota Camry – 1 672 000 теңге; лот №33 Ssang Yong Kyron – 3 013 000 теңге; лот №34 Toyota Land Cruiser – 4 568 000 теңге; лот №35 Toyota Land Cruiser 100 VX – 5 489 000 теңге; лот №36 Toyota Land Cruiser 100 GX – 5 179 000 теңге; лот № 37 Toyota Land Cruiser 100 VX – 3 645 000 теңге; лот №38 Toyota Land Cruiser 200 VX – 9 275 000 теңге; лот №39 Iveco Power Daily – 4 210 000 теңге; лот №40 Iveco Power Daily – 4 210 000 теңге; лот №41 Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; лот №42 Daewoo BS 090 – 1 565 000 теңге; лот №43 Toyota Land Cruiser – 5 378 000 теңге; лот №44 Toyota Land Cruiser 200 VX – 7 384 000 теңге; лот №45 SsangYong Rexton – 5 184 000,00; лот №46 Toyota Land Cruiser – 4 568 000,00; лот №47 Toyota Hi Ace – 1 637 000,00; лот №48 Toyota Hi Ace – 1 579 000,00; лот №49 Iveco Power Daily – 4 129 000,00; лот №50 BA3 21310/vaz 21310 – 712 000 теңге; лот №51 Toyota Camry – 1 672 000,00; лот №52 Toyota Land Cruiser 100 VX – 4 185 000,00; лот №53 Toyota Hiace – 4 361 000 теңге; лот №54 Toyota Hiace – 4 260 000 теңге; лот №55 Toyota Coaster – 6 465 000 теңге; лот №56 Toyota Land Cruiser 200 VX – 7 942 000 теңге; лот №57 Лада 21310/lada 21310 – 712 000 теңге; лот №58 Ssang Yong Kyron –3 013 000 теңге; лот №59 Toyota Land Cruiser – 7 384 000 теңге; лот №60 Toyota Land Cruiser 105gx – 5 136 000 теңге; лот №61 УАЗ 39099/уаз 3909 – 638 000 теңге; лот №62 ПАЗ 32054/паз 32054 – 1 491 000 теңге; лот №63 Iveco Power Daily – 4 129 000 теңге; лот №64 Toyota Coaster – 7 195 000 теңге; лот №65 Уаз 31519/уаз 31519 – 803 000 теңге; лот №66 УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 – 905 000 теңге; лот №67 УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 – 905 000,00; лот №68 УАЗ 315195/уаз 315195 -787 000 теңге; лот №69 Кавз 397652/кавз 397652 -588 000 теңге; лот №70 Toyota Land Cruiser 100 VX – 3 845 000 теңге; лот №71 Toyota Land Cruiser 100 VX – 4 781 000 теңге; лот №72 Toyota Hiace – 3 425 000 теңге по состоянию на 19 ноября 2018 года.

Гарантийные взносы по лот у №1 «Toyota Land Cruiser 200» в размере 369 200 теңге; по лот у №2 «Toyota Camry» в размере 83 600 теңге; по лот у №3УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 в размере 45 250 теңге; по лот у №4 Лада 2113/lada 21310 в размере 35 600 теңге; по лот у №5 Toyota Hiace в размере 127 950 теңге; по лот у №6 ГАЗ 2217-5104/газ 2217-5104 в размере 43 750 теңге; по лот у №7 Toyota Hiace в размере 128 800 теңге; по лот у №8 KIA Mohave в размере 292 300 теңге; по лот у №9 Iveco Power Daily в размере 206 450 теңге; по лот у №10 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 238 550 теңге; по лот у №11 Toyota Land Cruiser в размере 157 100 теңге; по лот у №12 Toyota Land Cruiser в размере 155 950 теңге; по лот у №13 Toyota Coaster в размере 359 750 теңге; по лот у №14 Toyota Previa в размере 155 050 теңге; по лот у №15 Ssang Yong Kyron в размере 150 650 теңге; по лот у №16 Toyota Land Cruiser в размере 209 250 теңге; по лот у №17 Toyota Land Cruiser в размере 395 900 теңге; по лот у №18 Toyota Camry в размере 103 400 теңге; по лот у №19 УАЗ 31519 017/уаз 31519-017 в размере 40 200 теңге; по лот у №20 Toyota Land Cruiser в размере 205 900 теңге; по лот у №21 Toyota Hi Ace – 80 850 теңге; по лот у №22 УАЗ 39094/уаз 39094 в размере 31 950 теңге; по лот у №23 Iveco Power Daily в размере 206 450 теңге; по лот у №26 Toyota Hiace 2WD в размере 90 400 теңге; по лот у №27 Toyota Coaster в размере 359 750 теңге; по лот у №30 Hyundai County Long в размере 96 850 теңге; по лот у №31 BA3 21310/vaz 21310 в размере 35 600 теңге; по лот у №32 Toyota Camry в размере 83 600 теңге; по лот у №33 Ssang Yong Kyron в размере 150 650 теңге; по лот у №34 Toyota Land Cruiser – в размере 228 400 теңге; по лот у№35 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 274 450 теңге; по лот у №36 Toyota Land Cruiser 100 GX в размере 258 950 теңге; по лот у №37 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 182 250 теңге; по лот у №38 Toyota Land Cruiser 200 VX в размере 463 750 теңге; по лот у №39 Iveco Power Daily в размере 210 500 теңге; по лот у №40 Iveco Power Daily в размере 210 500; по лот у №41 Iveco Power Daily в размере 206 450 теңге; по лот у №42 Daewoo BS 090 в размере 78 250 теңге; по лот у №43 Toyota Land Cruiser 268 900 теңге; по лот у №44 Toyota Land Cruiser 200 VX в размере 369 200 теңге; по лот у №45 SsangYong Rexton в размере 259 200 теңге; по лот у №46 Toyota Land Cruiser в размере 228 400 теңге; по лот у №47 Toyota Hi Ace в размере 81 850 теңге; по лот у №48 Toyota Hi Ace в размере 78 950; по лот у №49 Iveco Power Daily в размере 206 450 теңге; по лот у №50 BA3 21310/vaz 21310 в размере 35 600 теңге; по лот у №51 Toyota Camry в размере 83 600; по лот у №52 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 209 250 теңге; по лот у №53 Toyota Hiace в размере 218 050 теңге; по лот у №54 Toyota Hiace в размере 213 000 теңге; по лот у №55 Toyota Coaster в размере 323 250 теңге; по лот у №56 Toyota Land Cruiser 200 VX в размере 397 100 теңге; по лот у №57 Лада 21310/lada 21310 в размере 35 600 теңге; по лот у №58 Ssang Yong Kyron в размере 150 650 теңге; по лот у №59 Toyota Land Cruiser в размере 369 200 теңге; по лот у №60 Toyota Land Cruiser 105gx в размере 256 800 теңге; по лот у №61 УАЗ 39099/уаз 3909 в размере 31 900 теңге; по лот у №62 ПАЗ 32054/паз 32054 в размере 74 550 теңге; по лот у №63 Iveco Power Daily в размере 206 450 теңге; по лот у №64 Toyota Coaster в размере 359 750 теңге; по лот у №65 Уаз 31519/уаз 31519 в размере 40 150 теңге; по лот у №66 УАЗ 3163

жүректілік емес пе? Егер бопсаға беріліп, алдауға түсіп, қорқытудан қаймығып, Ілиястың айналасындағы адамдардың кім екенін жіпке тізгендей айтып бергенде казактың

...« — Әуелі біреуінді жайратып үлгеремін де, сосын баланы шабамын — бәрібір өлемін, — депті дауысы дірілдеместен.
«Қонақтардың» беті қайтып қалса керек.
— О, не дегеніңіз, Фатима Зейнуллаевна.
Міне, мына қағазға «Бала өзіммен бірге болады», — деп жазып берсеңіз болды, — депті біреуі»...
Болат осылай аман қалады. Одан бұрын басқа балаларын інісі Хайролла Жылқыбаевқа ертіп, жасырын түрде туған ауылы Қапалға аттандырып жібереді. «Балаларынды тауып бер» деп жендеттер қанша қинаса да, жұмған аузын ашпай қойған. Тіпті Ілиястың үшінші әйелі Батима Төребаевдан туған ұлы Саятты аласапыран күндері жоғалтып алып, көп жылдан кейін іздеп тапқан Фатима апамыздың ерлігіне тең келетін мысал жоқ шығар.

...«Бірде Фатима апамыз түрменің қат-қабат қиындығын бұзып өтіп, төніп тұрған қатерді елемей, сәби Болатты әкесімен кездестіреді.
Айдаушы солдат сәбидің көптен күткен перзент екенін білгенде:
— Дәл өзімдей ақын болыңыз деп бата беріңіз, — депті.

Сонда Ілияс:
— Жок, ақын болып тұтқынға түскеннен, азат етікші болғаны дұрыс, — деп тапсырыпты»...
Бірақ Фатима апамыз балаларын етікші қылып өсірген жоқ. Ақын болуын да қаламады. Бірақ бәрі де азамат болып ержетті.

Сол жылдары Фатима апамызды Алматыдан жер аударып, Ақтөбе, Семей, туған өлкесін тандауды ұсынады. Фатима апамыз Семейді таңдайды. Өйткені, Алматыдан қанша алыста жүрсе, перзенттерін аман сақтап қалуға болады деп ойласа керек.

Иә, Фатима апамыздың мұндай ерліктерін әлі де таратып айта беруге болады. Десе де, осының қалқасында басына қатер төнсе де қаймықпайтын бір күш жатқаны анық. Ол — Ілиясқа деген шексіз сүйіспеншіліктен туған махаббат күші. Мұндай махаббат бүгін бар ма? Бірақ ел басына күн туып, ер етігімен су кешер жағдай болса, тағы да осындай ерлік аңыздар қайталанады. Өйткені, жарға адалдық, ұрпақ алдындағы борыш ежелден бері аналарға тән асқақ мұраттың мызғымас діні.

Үш жарынан туған балаларды бауырына басып, әлпештеп өсірген ананың қасіретті сәті де аз болмады. 1943 жылы соғысқа кеткен Жәнібектен келген қаралы хабар қабырғасын қайыстырды. Отанын қорғауға атанған баласы опат болды. Қайғыдан қан жұтқан ана «Ұлымның арманын жүзеге асыратын ұрпақ тәрбиелеуім керек» деп алдына мақсат қояды. Кіші ұлы Мұрат Әуезов Мәскеуде оқып жүрсе де, оны немі бақылауда ұстады. Хат жазып, хал-жағдайын білісіп, бар тапқан-таянғанын салып жіберіп отырды. Әке тәрбиесін көрмесе де, балалары ана мейіріміне зәру болмады. «Әкең бөлек деп» шеттетпеді. Үш атаның балалары жалғыз ананың құшағында бауырмал болып жетіледі. Бұл әр ананың маңдайына жазылмайтын бақ еді.

Араб ғұламасы Ибн Қайум: «Махаббат ауыртпалықтан құтқарып, жан тыныштығына жеткізеді, сансыраған сананды ашып, жақсы іс-әрекеттеріне қанағат еткізеді», — дейді. Жүрегіңіздегі махаббаттың тұнығынан сүзіп алмаған дүние сұлу, құнды болмайды. Ілияс пен Фатима апамыздың арасындағы асыл махаббат желісінін құрылуына өмірлік ұстаным, ұрпақ келешегі алдындағы жауапкершілік емес, ұлт болашағы үшін жасалған сәтті қадамдармен де ерекшеленеді.

Ілияс пен Фатима апамыздың махаббаты тек отбасылық, ошақ қасылық қана сипат алған жоқ. Ұлттың ұлы мұраларын түгендеумен де түйісіп жатты. Ол екеуі ең алғаш Сүйінбай мұраларын жинап, оны зерттеп, зерделеп жұрт назарына ұсынды. Бірақ қазіргі күнде Сүйінбай туралы зерттеулер мен мерейтойларда Ілияс пен Фатима апамыздың аты аталып, мұрасы насихатталмайтыны жанымды ауыртады. Әрине, бұл жайлы көсемсіп көп жағдайды айтпай-ақ қояйын. Ол үшін төмендегі дәлелді алдыға тартқым келеді.

Демек, Ілияс пен Фатима апамыздың махаббатынан туған төл туынды, елдің



МӘҢГІЛІК МАХАББАТ

«Құлагер», «Исатай — Махамбет» деп таратыла беретін шабытты шығармалар — осы жылдардың еншісінде. Қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық рөлі де сол жылдары дәлелденді. Мәскеудің төріндегі, Ембінің құмындағы, Ертістің бойындағы, Жетісудың тау-ормандарын аралап жүріп жазған жауынгер макалалары, жолсапар естеліктері осы кезде бірінен соң бірі өмірге келіп жатты. Орыстың ұлы ақыны Пушкинді қазақша сөйлетіп, ұлы жазушы Горькийден бастап, бүгінде орыс әдебиетінде есімі

қаншама талантты ұлдары тағдыр тауқыметін тартар еді. Осындай да казактың әрбір қызы Фатима апамыз сияқты сұңғыла болса, көп нәрседен көз жазбас едік-ау деген ой келе береді. Ал Фатима апамыздың осындай қайсарлығы түптеп келгенде, жарына — Ілиясқа деген шексіз сүйіспеншілігінен туды. Демек, шынайы сезім, мызғымас махаббат бар жерде тағдырдың сан сынағы түкке тұрғысыз болып қалады.

Қазақ қоғамындағы бір қасірет — қуғын-сүргін құрбандарының ұрпағына төнген қауіп.



Былайша айтқанда, Ілияс өмірден өткелі де сексен жылдан асты. Осы жылдары 800-дей поэма жазылған шығар. Әлі де «Құлагер» жалғыз. Бір ғана Жазушылар одағында 800-дей ақын-жазушы бар. Олардың ішінде қырық жасында Ілиястың деңгейіне жеткендері кемде кем. Неге? Шын мәнінде, бәріміздің туған жер, өскен орта, қара орман халыққа деген жүрегімізде тулап жатқан махаббат сезімі кемшіл. Ілиястың өмірге махаббаты таза, тұнық, қазақы қалыптан келген. Өлкенің майда самалы, сылдырлаған бұлағы, буы бұрқыраған изен-жусаны, қарапайым халықтың мінсіз келбеті, көңілінің тазалығы оның бар болмысына әсер етті. Асқақтықты — биік шыннан, даналықты — сайын даладан, шабытты — жусан иісінен алды.

Басқасын айтпағанның өзінде, Ілияс бір ғана «Жетісу суреттерінде» 150-ге жуық дала шөбінің атын атайды. Қане, сіз санап берінізші? Тым болмаса 15 шөптің атын атай алдыңыз ба? Сенімді түрде «жоқ» дей аламын. Өйткені, біздің жүрегіміздегі табиғатқа деген махаббат сезімі өшкен. Жабьны қанша сипаласан да, жорға болмайтыны белгілі. Сондықтан Ілияс табиғатқа деген терен сүйіспеншіліктің арқасында бір ғасыр бойы оқырманның махаббатына бөленген ұлы туындылар жаза алды.

Сол даланың дарқандығынан нәр алған Ілияс мұраларын бүгінгі күнге жеткізген Фатима апамыздың шынайы махаббаты. Бұл тақырыпты әркім әрқилы қабылдайтын шығар. Бірақ казактың маңдайына біткен Біләл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов сияқты үш алыбына жар болған Фатима апамыздың кесек кеменгерлігі мен биік парасатына қазақ баласы емес, күллі әлем бас июге міндетті. Соның ішінде Ілияс пен Фатима арасындағы жиырма жылға созылған таныстық, ғашықтық, соның ішінде бес-ақ жыл бірге ғұмыр кешкен балдай тәтті күндер, бақыттың шырқау шыңына шыққан ой-армандар тоғысы адамзат баласының маңдайына жазыла бермейтін бақыт!

Ілиястың тұтас ғұмырнамасын сараптап шықсаңыз, оның нағыз шабытты жылдары Фатима апамызбен тағдыр қосқан соңғы уақыты екен. Одан бұрынғы өмірі іздену, кемелдену, қалыптасу кезеңінен туралы. Ал соңғы бес жылда, яғни 1932-1937 жылдар арасында Ілияс адамзаттың ортақ құндылығына айналған ұлы шығармаларды өмірге әкеліпті. «Дала»,

ерекше құрметпен аталатын қаламгерлермен таныстығы, достығы, әріптестігі сол жылдары биік белеске көтерілді. Қазақтың ән әлеміне бойлап, театр сахнасынан табылып, кино ленталарынан көрініс тапқаны да сол жылдар. Демек, Ілияс өміріндегі осы жетістіктердің діні Фатима апамызға жатқан жоқ па? Өз қатарластарына қарағанда сол жылдардағы Ілиястың мойнының озық тұрғаны Фатима апамыздың бала мінез ақынды әлпештеп, көңілі жұмсақ қаламгерді қалпырлеп, ел мүддесі үшін асау өзенге күмп беруге дайын аңғал батырға ақылды серік болғаны десек, кім терістей алады.

Тағы бір жағынан, қуғын-сүргін жылдары құрбан болған әріптестері мен ақын-жазушыларға қарағанда Ілиястың жиып-терген мұрасы ең толық қалпында сақталып қалды. Көзі тірісінде Ілиястың әдеби қолжазбаларын жинақтап, теріп, баспаға дайындап отырған Фатима апамыз ол тұтқындалған күні жендеттердің көзіне түспей есіктің қалқасында қалған бір сандық ақын мұрасын түнделете НКВД-да қызметкер болып жүрген немере інісі Оспан Жылқыбаев арқылы сенімді жерге жасырып қалды. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, казактың үш арысы саналатын Сөкен мен Бейімбетке қарағанда қолжазбасы толық әрі таза сақталған — Ілиястың қолжазбалары. Сол 1937 жылдың кесапатынан қаншама ұлы тұлғаларымыздың жиған-терген рухани мұрасы отқа өртеніп, күлге айналды. Бағымызға қарай, Ілекеннің мұрасы әлі күнге еліне қызмет етіп келеді. Сол үшін қаншама рет ауыр сурақтарды бастан өткерсе де, Ілияс мұрасы жайлы тіс жарған жоқ. Өйткені, сол мұралардың бір күні туған халқына керек боларын, қызмет етерін сезді. Ол дүниелер болмағанда Ілияс жайлы деректерді қайдан табар едік? Сол қолжазбаларды әр сәт қолыма алғанда, ең алдымен көз алдыма Фатима апам келеді. Аруағына сыбырлап мінежат етіп барып, қолымды тигіземін. Бұл да махаббат күшінің күдіреті демей көр?!

НКВД адамдары Фатима апамыздан Ілияс және оның достары туралы сұрағанда, міз бақпай, тергеушілермен айтысып қалып, көзі от шашып: «Мен Ілиястың есігін баққан күзетшісі емеспін, мұғаліммін. Кім келіп, кім кетіп жатқанын қайдан білейін? Тегі біздің үйден қонақ арылмайтын...», — деп қасқайып тұруы

Жауыз үкімет тектінің тұяғы түбі тегіне тартпай қоймайтынын сезінгені сонша ұлыларымыздың өзімен коса, тұқымын түздай құртты. Шиеттей балаларына дейін аяушылық танытқан жоқ. Жөрегіңде өлім құшқан сәбиін Ақмоладан Алматыға жеткенше құшағына қысып, қытымыр көздің жол бойына тастап кетуінен сақтап, Алматыға жеткізіп жер қойнына тапсырған Бейімбеттің

жары Гүлжамал апамыздың қайсарлығын бүгінде жұрт жыр қылып айтады. Тұтас қазақ зиялыларының бала-шағасы жендеттердің жантүршігерлік қысымында о дүниелік болып жатқанда Біләл мен Ілиястың балаларын Фатима апамыз аман-есен сақтап қалды. Бұл сөзді айта салу оңай болғанымен, қорғансыз балаларға қорған болу оңай болмағаны белгілі.

Ілияс Жансүгіров тұтқындалған кезде Фатима апамыз жүкті екен. Ілияс та соңғы перзентінің ұл болуын көп армандаған көрінеді. Бірақ ол жарық дүниеге келмей Ілияс тұтқындалып кетеді. Көп өтпей Фатима апамыз Болатты дүниеге әкеледі.

Фатима толғағы қысып перзентханада жатқан шағында жанында жатқан бір әйел қайтыс болады кетеді. Одан қалған жетім шақалақты асырап алуға барынша тырысалы. Алайда туыстары бермей қойған екен. Міне, оның парасаттылығын, қамқорлығын, ер мінезділігін, өз заманында көзі ашық, көкірегі ояу, білімдар жан болғандығын мақтанышпен айтсақ артық етпес.

Болаттың дүниеге келгенін естіген жендеттер тағы да Фатиманы іздеп тауып, нәрестені алып кетпек болады. Мұны алдын ала сезінген ана оларды бір қолына бөбегін, бір қолына қылшылдап қайралған балтаны ұстап тұрып қарсы алады.

махаббатына бөлене алмай келе жатқаны ғана қынжылтады.

Ілияс пен Фатима апамыздың махаббат хикаясы бір емес, бірнеше кітапқа жүк болар ұлағатымен құнды. Өкінішке қарай, бүгін өмір өзгерген, құндылықтар азайған. Аға-буынның берекесі мен пейілін бекемдеген сол ізгілікті жалғастырып әкететін жағымды дүниелер де азайғандай. Махаббатта жолмыз, отбасында берекеміз, сүйіспеншілікте сүйкіміміз қалмайтын түрлі жағдай жиі туындап, жүрекке салмақ салатын келенсіздіктер көбейіп кетті. Отбасының ойранын шығаратын ойланбай істелінетін қылықтар да жамырап шықты. Бәрі жүректі ауыртады. Осы кезде еріксіз махаббат деген бір ауыз сөздің қалқасына жасырынған құдіретті жан-жақтан іздестіре бастайсың. Сол кезде ұлы махаббат жолындағы Фатима апамыздың ерлігі алдыннан шығады да жүрекке жылылық, сенімге беріктік, келешекке бағдар нұсқайды.

Қажет АНДАС, Алматы облысы



AINA

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Жайдары жаздың алғашқы демалысы Алматы тұрғындары мен қонақтары үшін тартымды тоймен басталды. Биыл төртінші рет ұйымдастырылған «Ұлы дала көшпенділер әлемі» этнофестивалі «Боралдай сақ қорғандары археологиялық саябағында» өтті.

АСЫА
ҚАЗЫНА



Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының аясында өткізілген шараға 18 елдің өкілі қатысып, әр халық өз мәдениеті мен салт-дәстүрін паш етті. Ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті және ежелгі тарихты қайта жаңғыртуды көздейтін шара биыл да өз ерекшеліктерімен екшеленді. Әсіресе салтанаттың ашылу рәсімінде отандық өнер шеберлерінің тарихтан сыр шертетін театрландырылған қойылымы қонақтардың да көңілінен шыққаны даусыз.

Шараның басты мақсаты — отандастарымыз бен шетелдік қонақтарға көшпенділер мәдениетін, ежелгі тарихы мен салт-дәстүрін көрсету. Биылғы ерекшелік — алыптар арасында күш сынасу сайысы өтті. Гиннестің рекордтар кітабына енген Сергей Цырульниковтың тобы жұрт назарына алыптар шоуын ұсынды. Көрермендер арасында викториналық ойындар, ұлттық тағамдарды әзірлеу және колөнер бойынша қызықты шеберлік сабақтары өтті.

Мажарстан, Монғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Украина, Ресейдегі Башқұртстан, Тыва, Дағыстан, Калмак Республикасы, Таулы Алтай, Бурятия, Саха Республикасы секілді елден жиналған ең мықты этномузыканттар мен спортшылар жиналған қауымның тандайын қактырды. 40 киіз үй тігіліп, алтыбақандар құрылған аумақта халық қалауынша қылдырды. Этноауылды аралағандар түйе және бие бауды көріп, қымыздың бірнеше түрінен дәм татып, тас диірмен тартып, келі түйіп көрді. Ат ойындары аймағында бөйге, көкпар, аударыспақ, қыз қуу, тенге ілу, жамбы ату ойындарын тамашалағандар ерекше әсерге бөленді. Ал мергендер садақ атудан сайыс ұйымдастырды. Жылқыға құмар жігіттер асауға құрық салуды, атқа мінуді үйретуді көрсетсе, шеберлер аймағында жүн сабау, ұршық иіру, киіз, текемет басу, алаша, кілем, ши, кесте тоқу, зергерлік т.б. бұйымдар жасау назарға ұсынылды. Көпшілік үшін шеберлік сабақтары өтті. Тағы бір назар аударарлық көрініс ұсталар орналасқан аймақ еді. Шеберлер қала

«Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді. Бабаларымыз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті. Масағына қауырсын тағылып, металмен ұшталған жебе берен сауытты тесіп өтетін көбебұзарға айналды».

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан)

қонақтарына қыш-құмыра жасау, ағаш, темір ұсталарының қолынан шығатын бұйымдарды көрсетті. Этнофестивальдің «Жастар алаңы» да алтыбақан, қызбен жігіт айтысы, қол күрес, арқан тартыс, ұлттық ойындар, атқа мініп серуендеу секілді қызықтарға толы болды.

Биылғы шарада бүлдіршіндерге де ерекше назар аударылды. Балалар аймағында шағын киіз үй тігіліп, ұлттық ойындар ойналды. Қуыршақ театры, колөнер, сурет салу да балаларды қатты қызықтырды. Ал құсбегілер мен саятшылар аймағында: бүркіт, ителгі, қаршыға ұшыру, құмай тазыны аңға салу көрсетіліп, «Көшпенділер әлемі» аймағында шара қонақтары шокка піскен таба нан, қазан карма, балқуырдақ, нарын сынды ұмыт болған ұлттық астан дәм татты.



Дүбірлі тойдың алғашқы күні фестивальді 15 мыңнан астам адам тамашалады.

Айтулы шараға Шығыс Қазақстан облысының Ұржар ауданынан келген Тәттімбет Кәпұлы: «Ұлы даланың жеті қырында» атқа міну стилі кенінен айтылған. Бабаларымыз байтақ жерін атпен қорғаған. Сондықтан қазіргі ұрпаққа асау үйрету, ол үшін арқанды қалай тастаудың кыр-сырын көрсету үшін фестивалге арнайы келдім», — дейді.

Дағыстаннан арнайы келген қонақтар: «Мұндай фестивалге бірінші рет қатысып



Фотолар:
Сәрсенбек
ҚЫЗЫМБЕКҰЛЫ



отырмыз. Бұл жер өте көрікті екен. Ұлттық киім киген қаншама этнос өкілдері жүр. Біздің құрамда 5 адам бар. Садақ ату мен аламан бөйгеде сынға түсеміз», — делі.

Қонақтар күннің ыстығына қарамай, кәсіби бүркітшілердің, шабандоз жігіттер мен көкпаршылардың, садақшыларын, палуандардың өнерін, жерден тенге ілетін жігіттердің шеберлігін тамашалады.

Екі күн ішінде көрермендер әлемі көрініске куә болып, таза ауада демалып қайтты. Әсіресе соңғы күні ұйымдастырылған аламан бөйге көрермендердің делебесін қоздырды. Дәл осындай ұлттық рухқа толы шаралардың жиі өткенін жұрттың жаны қалайтындығын айқын сезіндік.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

ҰЛТТЫҚ СПОРТ



Жылқы жалындағы мәдениет

«Ат – ер қанаты» дейміз. Халқымыз үшін жылқы тұлғінің орны ерекше. Бытыр Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында жылқыға арнайы тоқталып, қазақ жеріндегі қылқұйрықтың тарихы мен халқымыздың тұрмысындағы орнын айрықша атап өтті. Мақалада айтылған «Атқа міну мәдениеті» деп аталатын бөлімде «Ботаи» қонысына жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенінен хабар береді. Содан бергі мыңдаған жылдар бойы ұлы даладан тұлпардың дүбірі үзілген емес. Піпті қазақтың салт-дәстүрі, ұлттық спорт түрлерінің бәрі жылқысыз өтпейтін болды. Мысалы, көкпарды айтайық.



Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады.

(Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан)

Көкпар — түбі бір түркі халықтарына ортақ ойын. Алайда қазақ пен қырғыз елінде жақсы сақталған. Этнографтар «Көкпар ойыны жауынгерлік жаттығудан туған» деген пікір айтады. Ердің білегін, аттың белін сынайтын ұлттық ойынымыз қазір Еуропа асып, шетелдіктердің көзайымына айналууда. Мәселен, жуырда Францияның Фонтенбло қаласында ұлттық спорт ойындарының халықаралық көрмесі өтті. Жыл сайын мамыр айында ұйымдастырылатын көрмеде әр елден келген аңшылар атқа мініп, итпен аңға қалай шығатынын



Данияр
ДАУКЕЙ, атбегі:

Қазақ жылқысы мыңдаған жылдардың сұрыптауынан өткен нағыз асыл тұқым. Үйірдің өзі үлкен сұрыптау. Осындай дала ғылымының нәтижесінде жылқының бірнеше түрі пайда болған. Соның бірі — қарабайыр деп аталады. Бұл мініске төзімді, қайратты, жүйрік, жүректі, сенімді жылқы. Ұлттық спорт ойындарына қарабайырдан артық жылқы жоқ.

көрсетеді. Қысқасы, жылқыға қатысты сақталған ұлттық спорт ойындар көрмесі. Биыл осы көрмеге елімізден белгілі атбегі Данияр Даукей бастаған көкпаршылар қатысып қайтты. «Жастар көкпар лигасы» — кілен студенттерден құрылған команда. Олар көрі құрлық жұртына қазақ көкпарын көрсетті. Қазақ көкпаршыларын Франция аншылық федерациясының президенті Франсуа Бенуа мырза шақырған. Еуропалықтардың бұл ойынға қызығуының себебі, «Жастар көкпар лигасының» ойыншылары көкпарды серкемен емес, тұлып серкемен тартады. Содан кейін, серке тастайтын қазандық бетоннан құйылмаған. Ол брезент матаның ішіне нығыздалған шөп салып жасалған. Жылқы мен ойыншыға қауіпсіз. Үш-үштен алты ойыншы ойнайды. Міне, осындай ерекшеліктеріне қызығыпты.

Жара ШӨКЕ

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Қазақстанның кәсіби «Эстрадалық вокал» өнерінің негізін қалаушыларының бірі, мемлекет және қоғам қайраткері, сүйікті әншіміз

Кармысова Венера КАМАЛҚЫЗЫНЫҢ

меңгілсіз дүниеден өтуіне орай жақындары мен отбасына қайғырып, көңіл айтамыз.

Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжінің ұжымы

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары

Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2169;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.